



**ТҰРАҚТЫ ДАМУ
ТУРАЛЫ ЕСЕП**

2024

МАЗМҰНЫ

Басқарма Төрағасының жолдауы	3	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	20	ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК	41	ҚОСЫМША	56
Есеп туралы	4	Корпоративтік басқару жүйесі	21	Қоршаған ортаға ықпалын басқару	42	Глоссарий	57
БАНК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	5	Корпоративтік басқарудың ұйымдық құрылымы	22	Көміртек ізі мен парникті газдар (Score 1, 2)	42	Байланыс деректері	58
Банк туралы	6	Жалғыз акционер	23	Қалдықтарды басқару және жою	43	Деректемелер	58
Бизнес-модель	8	Директорлар кеңесі	24	Кеңсені экологиялық ету	44	GRI және SASB стандарттарына сәйкестік кестесі	59
2024 жылдың негізгі қорытындысы	9	Директорлар кеңесіне мүше ұсыну процесі	28	Қуат және сумен қамтамасыз ету	45		
ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ	10	Директорлар кеңесінің комитеттері	29	ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК	46		
Тұрақты дамудың негізгі қағидаттары	11	Басқарма	31	Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты	47		
ESG факторларын бизнес-модель мен стратегияға қосу	12	Корпоративтік этика	34	Еңбек пен еңбек қатынасы	48		
Жауапты бөлімшелер және есептілік жүйесі	13	Ішкі бақылау және аудит	34	Қызметкерлердің белсенділігін арттыру	48		
Банктің БҰҰ ТДМ-ға (SDGs) қосқан үлесі	14	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат	35	Негізгі көрсеткіштер	49		
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу	17	Комплаенс тәуекелін басқару саясаты	36	Мансаптың тең мүмкіндіктері	49		
Маңызды тақырыптар тізімі	18	Құқықтық және реттеуші базаны басқару	36	Жұмысшылардың әлеуметтік қорғалуы	50		
Банктің тұрақты даму саласындағы көзқарасы мен стратегиясы	19	Антифрод жүйесі	37	Еңбек ақы мен мотивация	50		
		Кері байланыс желісі	38	Оқыту және дамыту	51		
		Ақпаратты ашу қағидаттары	38	Денсаулық	51		
		Тәуекелдерді басқару жүйесі	39	Еңбек қауіпсіздігі	52		
		Салық салу	40	Әлеуметтік жауапкершілік	53		
		Жауапты сатып алулар	40	Демеушілік пен қайырымдылық	54		
				Білім беру қызметі және ЖОО-мен жұмыс	55		



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

2024 жыл Bereke Bank үшін тұрақтылық, инклюзивтілік пен экологияға бағытталған қаржылық модель қалыптастыру жолында маңызды кезең болды. Соңғы бірнеше жылда біз тұрақты даму қағидаттарын стратегиямызға және операциялық қызметімізге белсенді түрде енгізіп келеміз. Елдегі ESG қағидаттарын өз тәжірибесіне алғашқылардың бірі болып енгізген банктердің қатарында екенімізді мақтан тұтамыз. Бұл біздің клиенттеріміз, қызметкерлеріміз және жалпы қоғам үшін ұзақ мерзімді құндылық қалыптастыруға деген берік ұстанымымызды айқындайды.

Біз компанияның табысы тек қаржылық көрсеткіштерге ғана емес, сонымен қатар қызметкерлерімізге қалай қамқорлық жасайтынымызға, олардың әлеуетін қалай дамытатынымызға және кәсіби өсуіне қолайлы орта қалай қалыптастыратынымызға да байланысты екеніне нық сенеміз. Осы тұрғыда сенім, құрмет және ашықтық құндылықтарына негізделген корпоративтік мәдениетке ерекше көңіл бөлеміз. Бұл әрбір қызметкер үшін мансаптық өсуге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Біз оқытуға, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға және жоғары ынталылық пен өнімділікті қолдайтын салауатты жұмыс ортасын қалыптастыруға белсенді түрде инвестиция саламыз.

Корпоративтік басқару біздің стратегиялық шешімдеріміздің негізі болып табылады және біз барлық мүдделі тараптар үшін ашықтықты, есептілікті және ұзақ мерзімді құндылықты қамтамасыз ету мақсатында үздік тәжірибелерді енгізуді жалғастырамыз.

ESG қағидаттары біздің бизнесіміздің ажырамас бөлігіне айналды, біз оларды белсенді түрде енгізу мен дамытуды жалғастырамыз. Бұл тек Банкімізге ғана емес, жалпы қоғамға да нақты пайда әкелетініне сенімдіміз.

**Құрметпен,
Андрей Тимченко
«BEREKE BANK» АҚ
(LESHA BANK LLC (PUBLIC) ЕБ)
Басқарма Төрағасы**



ЕСЕП ТУРАЛЫ

BEREKE BANK-ТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІН ДАЙЫНДАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕР

Bereke Bank-тің тұрақты даму туралы есебі (Leshan Bank LLC (Public) ЕБ) (бұдан әрі – Bereke Bank/Банк) Банктің 2024 жылғы қорытынды нәтижелерін көрсетеді. Есеп тұрақты даму саласындағы есептіліктің Глобалдық бастамасының халықаралық стандарттарына (GRI Standards), ESG-ақпаратты ашу бойынша SASB стандарттарына, Қазақстан қор биржасының (KASE) листингтік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің банктер мен басқа да қаржы ұйымдарына арналған экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (Environmental, Social and Corporate Governance, ESG) саласындағы ақпаратты ашу жөніндегі нұсқаулығының ұсынымдарына сәйкес дайындалды.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ТОПТАРЫ ҮШІН ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Bereke Bank тұрақты табысқа қол жеткізу клиенттердің, қызметкерлердің және қоғамның әл-ауқатынсыз мүмкін емес екенін түсінеді. Банк сапалы қаржылық қызметтерді көрсетуді ғана емес, сонымен қатар адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған бастамаларды қолдауды да мақсат етеді.

Тұрақты даму туралы есеп инвесторлармен, клиенттермен және серіктестермен ашық өзара іс-қимыл жасаудың маңызды құралы болып табылады және қызметтің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілерін ашады. Есепті дайындау барысында халықаралық тәжірибелер мен мүдделі тараптардың күтілімдері негізге алынды. Корпоративтік басқару, экология, қызметкерлердің құқықтары және қоғам мүдделері сияқты негізгі тақырыптар айқындалып, олар Банктің стратегиялық мақсаттарының негізін қалады.



БАНК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

БАНК ТУРАЛЫ

Bereke Bank АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ (әрі қарай – Bereke Bank) — бөлшек және корпоративтік клиенттерге арналған қаржылық шешімдердің кең ауқымы бар әмбебап банк. Банк өз қызметінде клиенттердің сұрауларын жедел шешуге мүмкіндік беретін клиенттік сервисті және қаржыны ыңғайлы әрі тиімді басқаруға бағытталған шешімдерді құруға басты назар аударады.

БАНКТИҢ ҚЫСҚАЦА ТАРИХЫ

02
09 2022

САТЫП АЛУ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның «Сбербанк» АҚ ЕБ акцияларының толық пакетін сатып алуы

14
09 2022

АТАУЫН ӨЗГЕРТУ

«Сбербанк» АҚ ЕБ-тан «Bereke Bank» АҚ-ға атауын өзгерту

08
03 2023

ШЫҒУ

SDN санкциялық тізімдерінен шығу

08
10 2024

АКЦИОНЕРДІҢ АУЫСУЫ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дан «Lesh Bank» LCC-ге акционердің ауысуы

20
12 2024

БЕКІТУ

Банктің 2025-2027 жылдарға арналған бизнес-стратегиясын бекіту

2024 жылы Bereke Bank филиалдық желісі

Қазақстанның барлық аумағында орналасқан 59 сату орнын қамтыды:

- 18 филиал
- филиалдардың 41 құрылымдық бөлімшесі, соның ішінде:
 - 28 әмбебап
 - 9 базалық
 - 4 First (премиум)

Банктің толық атауы:

«Bereke Bank» Акционерлік Қоғамы (Lesh Bank LLC (Public) еншілес банкі)

Банктің бас кеңсесінің мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Алматы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 13/1

Банктің сайты: berekobank.kz

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 27.02.2025 жылғы №1.1.199 лицензияны банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге берді.

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия №3.3.255/4712.03.2025 Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілді.

BEREKE BANK МИССИЯСЫ

“
Біз адамдарға деген ерекше қарым-
қатынасымыздың арқасында **маңыздылық**
сезімі мен **сенімділікті қалыптастырамыз**”

КЛИЕНТТЕРДІҢ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

ЕРЕКШЕ ШЕШІМДЕР



Мақсатты сегмент үшін арнайы «бейімделген» және ұзақ мерзімді қарым-қатынастарды құруға септігін тигізетін **инновациялық шешімдер**

ЕРЕКШЕ ҚЫЗМЕТ




Мәселелерді дәл сол сәтте шешу – **«Ақиқат сәттері»** және клиентке бүкіл кезеңде қолдау көрсету

ЕРЕКШЕ ШАРТТАР




Клиенттің құндылықтарына негізделген **дербестендірілген шешімдер**

ЕРЕКШЕ САРАПТАМА



Сараптама және ашық, болжамды сервистер арқылы **болашаққа деген сенімділік**

ЕРЕКШЕ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС



Артықшылықтар және эксклюзивтілік арқылы клиентке деген ерекше қарым-қатынас

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

Санкциялардан шыққаннан кейін Банк 2023–2024 жылдарға арналған бизнес-модельді тұрақтандыруды қамтамасыз ету бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді.

Сапалы кредиттік портфель клиенттер, серіктестер және мемлекет алдындағы міндеттемелерді жабу үшін жеткілікті көлемде өтімділікті қалыптастыруға мүмкіндік берді және бұл ретте пруденциялық нормативтердің ешқайсысы бұзылған жоқ. Айта кету қажет, Банк мемлекеттік қолдауға жүгінген жоқ және есепті жыл ішінде мемлекеттен қаржылық көмек алған жоқ.

2024 жылы Банктің негізгі басымдықтары мыналар болды:

1. Процестерді цифрландыру және IT-трансформацияға инвестициялар салу арқылы технологиялық және өнімдік артта қалушылықты қысқарту.
2. Депозиттік базаның өсуі есебінен Банктің қорландыру базасын тұрақтандыру.
3. Операциялық шығыстарды жабу және нарықтық қорландыру құнының өсуін өтеу мақсатында жоғары маржиналды өнімдер мен сегменттермен жұмысты күшейту.
4. Санкциялық қысым жағдайында тәуекелдерді басқару және Банктің негізгі бизнес-шешімдерін қалпына келтіру.

ТҰРАҚТЫ ЖОБАЛАР

Тұрақты даму Bereke Bank-тің бизнес-моделінің ажырамас бөлігі болып табылады. Жүргізіліп жатқан жобалар өнеркәсіптік өсімді, білім беру мен шағын бизнесті қолдауға бағытталған. 2024 жылы Bereke Bank өнеркәсіп және әлеуметтік салалардағы бірқатар маңызды жобаларды қолдап, экономиканың және қоғамның тұрақты дамуына үлес қосты.

ASMA INDUSTRIAL жобасы

Банк «Талдықорған» индустриалды аймағында өнеркәсіптік аккумуляторлық батареялар шығаратын зауытты іске қосуға қолдау көрсетті. Қаржыландыру «Өндіріс» және «Біртұтас кешенді бағдарлама» аясында жүргізілді. Банк тарапынан кредиттік желілер бойынша қаржыландыру көлемі субсидияланатын қарыздардың жалпы көлемі шеңберінде 350 млн теңгені, сондай-ақ өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бағдарламасы бойынша 941 млн теңгені құрады.

Бизнеске мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысуы

Банк мемлекеттік қолдау бағдарламаларының көпшілігінде белсенді қатысушы болып табылады:

- АӨФ «Даму» АҚ бағдарламасы бойынша өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін III транш көлемі 13 млрд теңгені құрады;
- әртүрлі қаржы институттары (АӨФ «Даму» АҚ, ҚР АӨК, АО «ҚЖҚ» және т.б.) арқылы несие және келісімшарттар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау 175 млрд теңге көлемінде жүзеге асырылды;
- АӨФ «Даму» АҚ кепілдік беру бағдарламасы бойынша 3 млрд теңге көлемінде несие кепілдігі берілді.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2024 жылы Банктің стратегиялық басымдықтарын жүзеге асыру әлеуметтік, экологиялық және басқарушылық бастамаларды белсенді дамытуымен қатар жүрді, бұл бизнестің тұрақтылығы мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



ЭКОЛОГИЯ

(Environmental)

- Қағаз тұтыну 35%-ға азайтылды (2023 жылғы 121 400 қапқа қарағанда 71 989 қапқа дейін).
- Ішкі құжаттардың 75%-ы электрондық нұсқаға ауыстырылды.
- Қайта өңдеуге тапсырылды:
 - 8 тонна макулатура;
 - 809 бірлік кеңсе техникасы;
 - 3118 картридж.
- Электр энергиясын тұтыну 2023 жылмен салыстырғанда 4,5%-ға азайды.
- Жалға алынған ғимараттардағы су тұтыну көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 15%-ға төмендеді.



ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ

(Social)

- «Happy Job» жобасы іске қосылды, оған қызметкерлерді сауалнама арқылы және басшылықпен тікелей байланысқа тарту кіреді.
- Міндетті емес медициналық сақтандыру бойынша қамту 88,4% қызметкер мен олардың отбасы мүшелерін құрады. Сонымен қатар, қызметкерлердің 100%-ы амбулаториялық және стационарлық көмекке, вакцинацияға, талдаулар мен емдеуге ЕМС аясында қолжетімділікпен қамтамасыз етілген.
- 30-дан астам ішкі іс-шара өткізілді (форумдар, тимбилдингтер, квесттер, тақырыптық күндер), соның ішінде Central Asia Cup футбол турнирі, шахмат турнирлері, веложарыстарға қатысу.
- Балаларға, қарттарға, ҰЕҰ-ға, инклюзивті мектептер мен балалар үйлеріне көмек көрсетілді (оның ішінде «Жанашыр Қалқан», «Жолың болсын» жобалары аясында).
- «Қарызсыз қоғам» жобасы жүзеге асырылды – қаржылық сауаттылықты және тұрақты мінез-құлықты үйретуге арналған жаппай оқыту.
- Көре алмайтын және басқа да клиенттер үшін чат-платформа енгізілді, сайттың UX-і бейімделді.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

(Governance)

- 2024 жылдың қазанында акционердің ауысуы.
- Директорлар кеңесінің құрамы жаңартылды, халықаралық тәуелсіз директорларды тағайындау арқылы сараптама күшейтілді.
- 30 директорлар кеңесінің отырысы өткізілді (17 хаттамалық, 13 дәстүрлі), 145 мәселе қаралды.
- Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитетінің өкілеттіктері бөлінді, екі жеке Комитетке бөлінді.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Банкте әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік, корпоративтік басқару және орнықты даму саласындағы саясат бекітілді, ол банктің ESG және орнықты даму саласындағы қызметке көзқарастарын жүйелейтін негізгі құжат болып табылады.

Саясатқа сәйкес, Банк тоғыз негізгі принципті ұстанады:

1. Барлық мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді экономикалық құндылық жасау
2. Адам құқықтарын сақтау, инклюзивтілік, әртүрлілік, барлығына әділ және тең қарау
3. Қоршаған ортаны сақтықпен пайдалану
4. Жауапты қаржыландыру тәжірибелерін дамыту және ESG тәуекелдерін басқару
5. Өзінің әсері үшін жауапкершілік алу, барлық заңнамалық нормаларды сақтау және міндеттемелерді орындау
6. Этикаға сәйкес іскерлік тәсілдерді ұстану және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу
7. Ақпараттық ашықтық пен мөлдірлікті қамтамасыз ету
8. Ықылас таныту және тұрақты даму қағидаттарына адалдықты көрсетуге ұмтылу
9. Тауарлар/жұмыстар/қызметтерді сатып алу процедураларын жүргізу кезінде тұрақты даму принциптерін ұстану


ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МЕХАНИЗМДЕРІ:

- ESG бойынша стратегиялық жоспар әзірлеу
- Қажетті ішкі нормативтік құжаттарды қалыптастыру
- Іске асыруға жауапты тұлғаларды анықтау және ресурстарды бөлу
- ESG күн тәртібін жүйелі түрде хабарлау және ілгерілету
- Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу және оқыту
- ESG бастамаларын бақылау, бағалау және есеп беру




ESG ФАКТОРЛАРЫН БИЗНЕС МОДЕЛІ МЕН СТРАТЕГИЯСЫНА БІРІКТІРУ

ESG факторларын банктің бизнес-моделіне біріктіру оның қызметінің барлық деңгейлеріндегі экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілерін қамтиды. Бұған қоршаған ортаға әсерді азайту стратегияларын әзірлеу, жұмысшылар мен клиенттердің құқықтарын қорғау және ашықтықты, этиканы және жауапкершілікті қамтамасыз ететін корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу кіреді. Банк бұл қағидаттарды өзінің корпоративтік мәдениетіне, шешім қабылдау процесіне, тәуекелдерді басқаруға және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуге енгізеді. ESG тәуекелдері мен мүмкіндіктерін есепке алу акционерлерге, клиенттерге және жалпы қоғамға ұзақ мерзімді құндылық жасауға көмектеседі.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ БОЙЫНША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Банкте барлық қызмет салаларын қамтитын тиімді көпдеңгейлі корпоративтік басқару жүйесі бар. ESG және тұрақты дамуды басқару жүйесі келесі құрылым бойынша ұйымдастырылған:



БАНКТИҢ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА (SDGs) ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Bereke Bank 2015 жылы халықаралық деңгейде қабылданған және адамзаттың аса өзекті мәселелерін шешу жолында үкіметтердің, бизнестің және азаматтық қоғамның күш-жігерін үйлестіруге негіз болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ, SDGs) қол жеткізудің маңыздылығын мойындайды және оларды іске асыруға өз үлесін қосуға ұмтылады. Банк өз қызметіне неғұрлым өзекті болып табылатын 13 ТДМ-ды айқындап, қоғам мен экономиканың тұрақты дамуына үлес қосатын және/немесе үлес қоса алатын негізгі бағыттарды белгіледі.



БАНКТИҢ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА (SDGS) ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

БҰҰ ТДМ	Банк тапсырмалары	Банк қосқан үлесі
	Тұрмыс сапасын жақсарту және қаржылық қолжетімділікті арттыру, қаржылық сауаттылықты арттыру	<ul style="list-style-type: none"> Қайырымдылық бастамаларды іске асыру В-Банк мобильді қосымшасында қайырымдылық қорлары мен мекемелердің пайдасына қайырымдылық төлемдерді жүзеге асыру Банктің филиалдарында қайырымдылық жәшіктерін орнату Есептен шығарылған техника мен жиһазды мұқтаж адамдарға беру
	Қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, медициналық қызметтердің қолжетімділігі, медициналық мекемелерді дамытуға несиелер беру	<ul style="list-style-type: none"> Денсаулық сақтау объектілерін салу/жабдықтау жобаларын қаржыландыру Қызметкерлерге арналған спорттық шараларды ұйымдастыру Бұқаралық спорттық іс-шараларды ұйымдастыру немесе демеушілік ету Міндетті және ерікті медициналық сақтандыру бағдарламаларын ұсыну
	Қызметкерлерді оқытуға кең мүмкіндіктер, оқу орындарын дамытуға несиелер беру	<ul style="list-style-type: none"> Серіктестік ЖОО-лар үшін оқу-ағарту жұмыстарын және орнында оқытуды жүргізу Білім беруді қолдауға бағытталған қайырымдылық бастамаларды жүзеге асыру Елдің мәдени орындарына демеушілік көрсету Білім беру мекемелерін салу/жабдықтау жобаларын қаржыландыру Қызметкерлерді қашықтықтан және бетпе-бет оқыту мен оқытуды өткізу
	Барлығына тең мүмкіндіктер, әділ жалақы және гендерлік теңдік	<ul style="list-style-type: none"> Бұл принцип жалдау процесіне енгізілген: қамту, әртүрлілік, гендерлік және нәсілдік теңдік, жұмысқа орналасуда барлығына әділ және тең қарау Банктің Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу кезінде кандидаттардың талаптарға сәйкестігіне бірдей баға берілген жағдайда, әйел кандидаттарға артықшылық беріледі
	Жаңартылатын энергия көздерін дамыту, энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту, ғимараттардың, өндіріс және көлік жүйелерінің энергия тиімділігін арттыру жобаларын қаржыландыру	<ul style="list-style-type: none"> Жаңартылатын энергия жобаларын қаржыландыру Энергияны үнемдейтін жарықдиодты жабдықты орнату Энергияны үнемдейтін сенсорларды орнату
	Жұмыс орындарын құру және қызметкерлер үшін лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, шағын және орта кәсіпкерлікке несиелер мен инвестициялар беру	<ul style="list-style-type: none"> Шағын және орта бизнесті қаржыландыру арқылы кәсіпкерлікті және жұмыс орындарын құруды қолдау Бәсекеге қабілетті және ашық еңбекақы жүйесі Барлық санаттағы қызметкерлер үшін қауіпсіз, инклюзивті және тең еңбек жағдайлары Қызметкерлерді тарту/бақыттың өлшенетін индексі
	Инновацияларды, тұрақты инфрақұрылымды дамытуға, өндірістік қуаттарды жаңғыртуға инвестициялар	<ul style="list-style-type: none"> Тұрақты инфрақұрылымды құруға бағытталған жобаларды қаржыландыру Ғылыми зерттеулермен байланысты жобаларды қаржыландыру Банк өнімдерін мемлекеттік қызметтермен интеграциялау Банк қызметтеріне AI мен биометрияны біріктіру

БАНКТИҢ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА (SDGS) ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

БҰҰ ТДМ	Банк тапсырмалары	Банк қосқан үлесі
<p>10 ТЕНСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ</p>	Қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейту, әлеуметтік және қайырымдылық бастамаларды жүзеге асыру	<ul style="list-style-type: none"> • Мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру • Цифрлық кеңістікте инклюзивті орта құру • Банк кеңселерінде инклюзивті орта құру • Бар аймақтардағы мүгедектерге қолдау көрсету
<p>11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР</p>	Қалалық инфрақұрылымды дамытуға және жаңғыртуға және қаржылық инклюзияны арттыруға инвестициялау	<ul style="list-style-type: none"> • Тұрақты көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған жобаларды қаржыландыру • Сандық қызметтерді кеңейту (шалғайдағы қалалар мен ауылдардың тұрғындары үшін банктік қызметтердің қолжетімділігі) • Мүгедектерге, сондай-ақ жүріп-тұру мүмкіндігі шектеулі адамдарға Банк бөлімшелерін бейімдеу
<p>12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС</p>	Материалдардың, су мен энергияның тиімділігін арттыру бағдарламалары	<ul style="list-style-type: none"> • Қайта өңделетін материалдарды қайта өңдеуге байланысты жобаларды қаржыландыру • Банктің қаланы жасылдандырудағы демеушілік жобалары • Банк бөлімшелерінде қайта өңдеуге арналған жәшіктерді орнату
<p>13 CLIMATE ACTION</p>	Банк қызметінің қоршаған ортаға әсерін азайту	<ul style="list-style-type: none"> • Электрондық құжат айналымына көшу және қағазды пайдалануды азайту • Кеңселерде энергияны тұтынуды оңтайландыру (жарықдиодты жарықтандыру, қозғалыс сенсорлары, энергияны үнемдейтін жабдық) • Кеңсе материалдары мен жабдықтарын қайта өңдеу • Банктің көміртегі ізін есептеу • Экологиялық тазалық күндерін және ағаш отырғызуды ұйымдастыру
<p>16 БЕЙБІТШІЛІК, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР</p>	Банктің құқықтық нормаларды сақтауы, корпоративтік этикалық мінез-құлық, сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл	<ul style="list-style-type: none"> • ESG күн тәртібін тәуекелдерді басқару жүйесіне интеграциялау • Адалдық, ашықтық және есеп беру қағидаттарын сақтау • Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру және қызметкерлерді әдептілік пен сәйкестікке оқыту • Клиенттердің деректерін қорғау және ақпараттық қауіпсіздік • Кері байланыс және бұзушылықтар туралы хабарлау үшін сенім телефонын қамтамасыз ету • Сыртқы тәуелсіз аудиторды тарту
<p>17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК</p>	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, Банктің тұрақты даму күн тәртібін қолдайтын іс-шараларға қатысуы	<ul style="list-style-type: none"> • Ашық қаржылық емес ақпаратпен қамтамасыз ету (тұрақтылық туралы есеп, ағымдағы ESG бастамалары) • Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл, оның ішінде ESG аспектілеріне қатысты мәселелер бойынша • Қаржы секторындағы нормативтік реттеуді жетілдіру процесіне қатысу, оның ішінде ESG туралы

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ


Банк тұрақты даму мақсаттарына табысты қол жеткізу тек серіктестік арқылы және барлық тараптардың мүдделерін ескере отырып мүмкін болады деп санайды. Бұл үшін ол мүдделі тараптармен белсенді әрекеттеседі, коммуникацияның ыңғайлы әдістерін және байланыс арналарын анықтайды.

2024 жылы МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІ

Мүдделі тараптардың тобы	Негізгі үміттер/мүдделер	Өзара әрекеттесу форматтары	Байланыс арналары
АКЦИОНЕРЛЕР	Ақпараттың ашықтығын сақтау, озық әлемдік тәжірибені сақтау, инвестициялық тартымдылықты дамыту.	Жалғыз акционердің шешімдері, пресс-релиздер, жарияланымдар, тұрақты қаржылық есептер, жылдық есептер және тұрақтылық туралы есептер.	Веб-сайт, интернет ресурстары, ақпараттық бюллетеньдер, іскерлік кездесулер.
КЛИЕНТТЕР	Сапалы және қолжетімді қаржылық қызметтер, сандық арналарды дамыту және тұтынушылардың қанағаттануын арттыру.	Тұтынушының қанағаттану сауалнамасы, кеңестер, ақпараттық науқандар, сервистік қолдау.	Байланыс орталығы, филиалдар, Bereke App, онлайн банкинг, веб-сайт, әлеуметтік желілер, push және SMS хабарламалар.
ЖҰМЫСШЫЛАР	Корпоративтік мәдениет, оқыту, әділ бағалау және дамыту, қауіпсіз еңбек жағдайлары.	Ішкі коммуникациялар, корпоративтік кездесулер, тренингтер, қатысу мен қанағаттануды бағалау, ішкі сауалнамалар.	Корпоративтік портал, корпоративтік пошта, ішкі кездесулер, бейнеконференциялар.
МЕРДІГЕРЛЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР	Этикалық және ашық қарым-қатынастар, ұзақ мерзімді ынтымақтастық, жеткізу тізбегін тұрақты дамыту.	Келіссөздер, іскерлік хат алмасу, бірлескен жобалар, келісім-шарттар жасау.	Сайт, корпоративтік пошта арқылы іскерлік хат алмасу, ресми кездесулер, бейнеконференциялар.
МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАНДАР МЕН РЕТТЕУШІ ОРҒАНДАР	Нормативтік талаптарды сақтау, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу, салықтың ашықтығы.	Есеп беру, тексерулер, ресми сұраныстар, консультациялар және іскерлік кездесулер.	Сайт, корпоративтік пошта арқылы іскерлік хат алмасу, форумдар, мамандандырылған порталдар, тұрақты қаржылық есеп беру, жылдық есептер және тұрақтылық туралы есептер.
БАҚ	Банк қызметі туралы сенімді ақпарат алу.	Сұхбаттар, пресс-релиздер, баспасөз конференциялары, сарапшылардың пікірлері.	Сайт, Интернет ресурстары, әлеуметтік желілер, форумдар.
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ	Басқа банктермен және қаржы секторының компанияларымен ынтымақтастық, талдау және тәжірибе алмасу.	Форумдар, кәсіби кездесулер, басылымдар, жұмыс топтары.	Сайт, салалық оқиғалар, әлеуметтік желілер.
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР	Тұрақты даму саласындағы серіктестік, ESG бастамалары мен декларацияларына қатысу.	Форумдар мен конференцияларға қатысу, тәжірибе алмасу, кеңес беру.	Халықаралық платформалар, корпоративтік пошта арқылы іскерлік хат алмасу.
КӘСІБИ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР	ESG бағыттарын дамыту бойынша бірлескен жұмыс, сарапшылық тәжірибе алмасу.	Ассоциацияларға, жұмыс топтарына және салалық іс-шараларға қатысу, кеңес беру.	Сайт, интернет ресурстары, әлеуметтік желілер, кәсіби форумдар.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ

Банк өз қызметінің негізгі аспектілерін және мүдделі тараптардың күтулерін көрсететін 25 тақырыпты айқындады. Айқындалған 25 тақырыптың ішінен маңыздылығы жоғары **9 басым тақырып** матрицаның оң жақ жоғарғы секторында орналасқан. Басым тақырыптарды таңдау олардың Банктің тұрақты дамуына және мүдделі тараптардың күтулеріне ең жоғары ықпалына негізделген. Тұрақты дамудың негізін қалыптастыратын және Банктің қызметінің ашықтығын, сенімділігін және жауапкершілігін қамтамасыз ететін корпоративтік басқару (G) саласындағы тақырыптарға ерекше назар аударылады. Сондай-ақ персоналды дамыту және инклюзивтілікке қатысты әлеуметтік тақырыптар өзектілігін сақтайды, ал экологиялық аспектілер операциялық тиімділікті арттыру тұрғысынан қарастырылады.



E ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

- 1 Кеміртегі ізін басқару, CO₂ шығарындыларын азайту.
- 2 Энергия тиімділігі.
- 3 Суды тиімді пайдалану және оны тұтынуды азайту.
- 4 Қалдықтарды тиімді басқару.

S ӘЛЕУМЕТТІК

- 5 **Инклюзивтілік және теңдік: барлық қызметкерлер үшін тең жағдайлар жасау.**
- 6 Қызметкерлердің денсаулығын сақтау және еңбек қауіпсіздігі.
- 7 **Қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру, кәсіби өсу.**
- 8 Адам құқықтарын сақтау.
- 9 Әлеуметтік және қайырымдылық бастамаларды қолдау.

G КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- 10 **Банктің заңнамасын, регламенттерін және ішкі нормаларын сақтау.**
- 11 **Этика және адалдық.**
- 12 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл.
- 13 Есептіліктің ашықтығы, компания қызметі туралы ақпаратты ашу.
- 14 ESG факторларына байланысты тәуекелдерді бағалау және басқару.
- 15 Тұрақты шешімдер қабылдау үшін басшылықтың жауапкершілігі.
- 16 **Акционерлердің құқықтары мен мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау.**
- 17 Жауапты сатып алулар.
- 18 Салық саясаты.
- 19 **Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл.**
- 20 **Киберқауіпсіздік: деректер мен құпиялылықты қорғау, кибершабуылдардан қорғау.**

АРНАЙЫ ТАҚЫРЫПТАР

- 21 **Экономикалық тиімділік.**
- 22 **Қаржылық қызметтердің қолжетімділігі, сапасы және ыңғайлылығы.**
- 23 Қызметтердің цифрландырылуы.
- 24 IT жүйелерінің тұрақтылығы.
- 25 ESG жобаларын қаржыландыру.

БАНКТИҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ МЕН СТРАТЕГИЯСЫ

Банк ESG қағидаттарын корпоративтік басқаруға, әлеуметтік саясатқа, қаржыландыруға және экологиялық жауапкершілікке интеграциялауға бағытталған тұрақты даму стратегиясын іске асырады. Корпоративтік басқару шеңберінде ашықтықты арттыру, тұрақтылықты бағалау тетіктерін енгізу және қызметкерлерге арналған бастамаларды дамыту көзделген. Әлеуметтік саясат инклюзивтілікке, білім беру бағдарламаларын кеңейтуге және әлеуметтік жобаларды қолдауға бағдарланған. Жауапты қаржыландыру мен экологиялық стратегия ESG тәуекелдерін басқаруға, процестерді цифрландыруға және қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге бағытталған.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ БАСТАМАЛАР:

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- Халықаралық стандарттарға сәйкес қаржылық емес есептілікті ашу
- Акционердің және заңнаманың жаңа талаптарын ескере отырып, тұрақты даму жөніндегі негізгі ішкі нормативтік құжаттарды үздіксіз өзектендіру
- Тұрақты дамуды корпоративтік мәдениетке интеграциялау: ESG мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту
- Банк қызметкерлері арасында корпоративтік мәдениетті дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және енгізу

ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРАМДАС БӨЛІК

- Әйелдер көшбасшылығын дамыту
- Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру
- Халықтың қаржылық сауаттылығын дамыту – білім беру жобалары мен бағдарламалары
- Корпоративтік волонтерлік: қызметкерлерді әлеуметтік жобаларға тарту
- Мәдени және спорттық іс-шараларды қолдау
- Білім беру бағдарламаларын дамыту мақсатында жетекші жоғары оқу орындарымен серіктестік

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІК

- «Жасыл кеңсе»: энергия үнемдейтін технологияларды қолдану, қалдықтарды тиімді басқару, ішкі қағаз құжат айналымын қысқарту
- Клиенттер арасында цифрлық сервистерді ілгерілету – Банктің желісінде физикалық қатысуды және қызметтерді ресімдеуді азайту
- Экологиялық іс-шаралар мен семинарларды ұйымдастыру және оларға қатысу
- Жауапты сатып алулар – ESG-ге бағдарланған серіктестермен ынтымақтастық

ЖАУАПТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

- Тұрақтылық факторларын тәуекелдерді басқару жүйесіне енгізу, ESG тәуекелдерін және климаттық сценарийлерді модельдеу
- Жобалардың тұрақтылығын бағалау жүйесін енгізу: жасыл портфельді есепке алу және көміртек ізін бағалау



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Тұрақты даму стратегиясын іске асыру және біздің акционерлеріміз бен басқа да мүдделі тараптарымыз үшін ұзақ мерзімді құндылықты қамтамасыз ету шеңберінде Банк корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына ерекше мән береді.

Банктің корпоративтік басқару жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі реттеу мен үздік тәжірибелерді қатаң сақтауға негізделген. Біз жарғыны, корпоративтік басқару Кодексін және шешімдерді қабылдаудағы ашықтықты, теңдікті және тиімділікті қоса алғанда, басқарудың негізгі қағидаттарын белгілейтін басқа да ішкі нормативтік актілерді басшылыққа аламыз.

Банктің корпоративтік басқаруы әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік қағидаттарына негізделген. Тиімді корпоративтік басқару құрылымы Банктің қызметіне мүдделі барлық тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және Банктің табысты қызметіне ықпал етеді.

Корпоративтік басқару Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген жеті негізгі қағидатқа негізделген:

1. Өкілеттіктерді ажырату қағидаты
2. Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты
3. Банкті Директорлар кеңесі мен басқарманың тиімді басқару қағидаты
4. Тұрақты даму қағидаты
5. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты
6. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты
7. Банктің қызметі туралы ақпаратты жария етудің ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

Корпоративтік басқару кодексі Қазақстан Республикасында және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару практикасын (ЭЫДҰ-ның 08.07.2015 жылғы Мемлекеттік кәсіпорындарды корпоративтік басқару жөніндегі басшылық қағидаттары, G20/ЭЫДҰ корпоративтік басқару қағидаттары) ескере отырып, заңнаманың ережелеріне сәйкес әзірленді және 27.12.2022 жылғы акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысымен бекітілді.

Банктің корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп 2025 жылғы 14 шілдедегі №18 шешімімен Директорлар кеңесі тарапынан бекітілді.

Банктің ішкі нормативтік құжатына сәйкес Директорлар кеңесі және оның комитеттері корпоративтік басқару саясаты мен практикасын қадағалайды. Банктің ішкі аудит қызметі Банктің бекітілген жылдық ішкі аудит жоспарына сәйкес мерзімді негізде корпоративтік басқару жүйесіне аудит жүргізеді.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



* Корпоративтік басқару құрылымы, сондай-ақ банк органдарының құзыреті Жарғыда, корпоративтік басқару кодексінде және өзге де ішкі нормативтік құжаттарда айқындалған.

* Ішкі аудит қызметін қызмет басшысы басқарады, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлері Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және қызметтен босатылады.

* Бас тәуекел-менеджері, Корпоративтік хатшы, Бас комплаенс-бақылаушысы Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және қызметтен босатылады.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

2024 жылғы 8 қазан күні «Lesha Bank LLC (Public)» акционерлік қоғамы Банктің 100% акцияларын «Ұлттық басқарушы холдинг «Бәйтерек»» АҚ-нан сатып алу мәмілесін аяқтады. «Lesha Bank LLC (Public)» акционерлік қоғамы Power International Holding W.L.L. атынан инвестициялық агент ретінде әрекет ете отырып, Банктің 100% акциясын сатып алды, бұл 2024 жылғы 8 тамызда жасалған Шектеулі Вакала келісіміне сәйкес жүзеге асты.

Құнды қағаздар орталық депозитарийінің акция иелері туралы анықтамасына сәйкес, 2024 жылғы 31 желтоқтегі жағдай бойынша Банктің жалғыз акционері «Lesha Bank LLC (Public)» акционерлік қоғамы болып табылады, алайда тиімді иесі және ана компаниясы Power International Holding W.L.L. болып саналады. Корпоративтік басқару Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына толық сәйкес жүзеге асырылады.

Power International Holding W.L.L. 2014 жылы құрылған және бірнеше негізгі салаларда дамып келеді, соның ішінде:

- Ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі;
- Жылжымайтын мүлік;
- Денсаулыққа пайдалы өмір салты;
- Телекоммуникациялар;
- Энергетика және концессиялар;
- Құрылыс және мердігерлік жұмыстар.

Қазіргі уақытта Power International Holding құрамына топтың алты ірі компаниясы кіреді және ол мырза Ramez MHD Ruslan AlKhayyat және мырза Mohamad Moataz MHD Ruslan AlKhayyat арасында тең үлеспен бірлескен меншікте болып табылады. Толығырақ ақпарат тәуелсіз аудит жүргізген аудит есебінде көрсетілген.



«Бұл сатып алу біздің инвестициялық портфелімізді нығайтудағы стратегиялық қадамды білдіреді және елдеріміз арасындағы байланысты нығайтады. Бұл біздің трансшегаралық мүмкіндіктерді дамыту және халықаралық нарықтарда қатысуды арттыру туралы көзқарасымызға сәйкес келеді» - деді

*Мұхаммед Исмаил Әл Эмади,
Lesha Bank LLC (Public) басшысы*


ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Банк Жалғыз акционерге тиесілі акциялар бойынша дивидендтерді тоқсан сайын, жарты жылда бір рет не жыл қорытындысы бойынша төлейді. Бір акцияға шаққандағы дивидендтерді төлеу және оның мөлшері туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды. Банктің акциялары бойынша дивидендтер ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен төленеді. Тиімді дивидендтік саясаттың негізгі критерийлерінің бірі - дивидендтердің мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтаудың қарапайым әрі ашық механизмін қамтамасыз ету.

Жалғыз акционердің 2024 жылғы шешіміне сәйкес Банк дивидендтер төлемеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАНКТИҢ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ

2024 жылғы есепті кезеңде Директорлар кеңесі мен атқарушы орган мүшелеріне төленген жалақылар мен барлық түрдегі ақшалай сыйақылардың жиынтық мөлшері 550 млн теңгені құрады.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі - басқару органы және Жалғыз акционердің жалпы жиналысының айрықша құзыретін құрайтын мәселелерді шешуді қоспағанда, Банк қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Банктің директорлар кеңесі тәуелсіз болып табылады.

Lesha Bank LLC (Public) жалғыз акционерінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен қазіргі құрамның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, Bereke Bank Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері сайланды:



1977 жылы туған, Катар мемлекетінің азаматы.

Білімі:

Джордж Вашингтон университеті, электртехника ғылымдарының бакалавры (АҚШ).

Хьюстон университеті, жобаларды басқару бойынша сертификатталған магистр (АҚШ).

Еңбек жолы туралы мәлімет:

2024 жылдан бастап – WISE Consultancy Бас директоры.

2023 жылдан бастап – Qatar Islamic Bank (QIB) Директорлар кеңесінің мүшесі, ішкі аудит, сәйкестік және тәуекелдер комитетінің төрағасы.

Қаржы секторындағы әртүрлі лауазымдарда 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

Басқа лауазымдары:

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы.

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетінің мүшесі.

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар мәселелері жөніндегі комитетінің мүшесі.

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) акциялары жоқ.

Нассер Абдулла С М Әл-Шариф (Nasser Abdulla S M Al-Shareef)

«Bereke Bank» АҚ
(Lesha Bank LLC (Public) ЕБ)
Директорлар кеңесінің төрағасы
(17.12.2024 ж., бастап)



1960 жылы туған, Ұлыбритания азаматы.

Білімі:

Брайтон политехникалық институты (қазіргі Брайтон университеті), мамандығы: «Азаматтық құрылыс» (Ұлыбритания).

Еңбек жолы туралы мәлімет:

01.06.2023 бастап қазіргі уақытқа дейін – Oman Investment Bank (Оман Сұлтандығы) Бас атқарушы директоры.

2019 жылдан 2023 жылға дейін – Бақылау кеңесінің мүшесі, тәуекелдер комитетінің мүшесі, Sense Bank (Украина) Стратегия комитетінің мүшесі (бұрынғы Alfa Bank (Украина)).

2020 жылдан 2022 жылға дейін – Letterone Treasury Services (Люксембург) Инвестициялар және тәуекелдер комитетінің мүшесі.

2018 жылдан 2022 жылға дейін – Alfa Bank Kazakhstan (Қазақстан) Бақылау кеңесінің мүшесі (Тәуекелдер жөніндегі комитет төрағасының орынбасары, Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі).

Қаржы секторында әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеу тәжірибесі 40 жылдан асады.

Басқа лауазымдары:

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетінің төрағасы.

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) акциялары жоқ.

Дэвид Марк Браун

David Mark Brawn

«Bereke Bank» АҚ
(Lesha Bank LLC (Public) ЕБ)
Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор
(12.12.2024 ж., бастап)

СОВЕТ ДИРЕКТОРОВ



Качмарек Петр Януш

(Kaczmarek Piotr Janusz)

«Bereke Bank» АҚ
(Lesha Bank LLC (Public) ЕБ)
Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор
(12.12.2024 ж., бастап)

1966 жылы туған, Польша Республикасының азаматы.

Білімі:

Вроцлав университеті, құқық және басқару факультеті,
магистр дәрежесі (Польша).

Аудандық заң консультанттары палатасы, заң кеңесшісі
мамандығы бойынша тағылымдама (Польша).

Еңбек жолы туралы мәлімет:

2024 жылдан бастап – Польша-Украина сауда палатасында
Президенттің кеңесшісі (Польша).

2014 жылдан 2023 жылға дейін – Getin Holding S.A.
бас директоры, (Варшава).

2014 жылдан 2023 жылға дейін – Idea Bank S.A.
Директорлар кеңесінің төрағасы, (Украина).

2019 жылдан 2022 жылға дейін – Europa Life S.A. сақтандыру
компаниясының Директорлар кеңесі төрағасының орынбасары,
(Польша).

2015 жылдан 2022 жылға дейін – Idea Bank S.A. (Румыния)
Директорлар кеңесінің төрағасы.

Қаржы секторында әртүрлі лауазымдарда 30 жылдан
астам жұмыс тәжірибесі бар.

Басқа лауазымдары:

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) Директорлар
кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар
мәселелері жөніндегі комитетінің төрағасы.

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ)
Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі.

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) акциялары жоқ.



Тимченко Андрей Игоревич

«Bereke Bank» АҚ
(Lesha Bank LLC (Public) ЕБ)
Директорлар кеңесінің мүшесі
(24.11.2022 ж., бастап)

1976 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Қазақ Мемлекеттік Заң Университеті,
«Құқықтану» мамандығы (ҚР).

Еңбек жолы туралы мәлімет:

2022 жылдан бастап – «Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC
(Public) ЕБ) Басқарма Төрағасы.

2018 жылдан 2022 жылға дейін – Бас басқарушы директор,
Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының Орынбасары «Альфа-
Банк» ЕБ АҚ («Eco Center Bank» АҚ).

Қаржы секторында әртүрлі лауазымдарда 25 жылдан астам
жұмыс тәжірибесі бар.

Басқа лауазымдары:

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) Директорлар
кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі.

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) Директорлар
кеңесінің тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі
комитетінің мүшесі.

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) Директорлар
кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар
мәселелері жөніндегі комитетінің мүшесі.

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) акциялары жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Bereke Bank АҚ Lesha Bank LLC (Public) ЕБ Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамы мен есептік кезеңдегі бетпе-бет отырыстарға қатысуы төмендегі кестеде көрсетілген.

ДК мүшесінің ТАӘ	Лауазымына күні	Отырыстарға қатысқандар саны / бетпе-бет отырыстар саны	%
Директорлар кеңесінің төрағасы Нассер Абдулла С М Әл-Шариф (Nasser Abdulla S M Al-Shareef) – тәуелсіз директор	17.12.2024 ж., бастап	1/1	100
Директорлар кеңесінің мүшесі Дэвид Марк Браун (David Mark Brawn) – тәуелсіз директор	12.12.2024 ж., бастап	1/1	100
Директорлар кеңесінің мүшесі Качмарек Пётр Януш (Kaczmarek Piotr Janusz) – тәуелсіз директор	12.12.2024 ж., бастап	1/1	100
Директорлар кеңесінің мүшесі Тимченко Андрей Игоревич – «Bereke Bank» (Lesha Bank LLC (Public)) ЕБ АҚ Басқарма Төрағасы	24.11.2022 ж., бастап	13/13	100

2024 жыл кезеңіндегі ДК құрамындағы өзгерістер:

ДК мүшесінің аты-жөні	ДК-ға мүшелік кезеңі	Отырыстарға қатысқандар саны / бетпе-бет отырыстар саны	%
Директорлар кеңесінің төрағасы Нұриденұлы Мақсат	17.10.2023 ж., бастап 12.12.2024 ж., дейін	12/12	100
Директорлар кеңесінің мүшесі Мәдиев Мағжан Дінмұхаммедұлы – тәуелсіз директор	28.04.2021 ж., бастап 12.12.2024 ж., дейін	12/12	100
Директорлар кеңесінің мүшесі Елемесов Асқар Раушанұлы – тәуелсіз директор	26.05.2020 ж., бастап 02.12.2024 ж., дейін	11/12	91,6
Директорлар кеңесінің мүшесі Сон Вячеслав Владимирович	26.02.2024 ж., бастап 08.10.2024 ж., дейін	10/12	83,3
Директорлар кеңесінің мүшесі Хамитов Ерсайын Ерболатұлы	12.09.2022 ж., бастап 08.10.2024 ж., дейін	9/12	75
Директорлар кеңесінің мүшесі Сайденов Анвар Галимуллаұлы – тәуелсіз директор	10.01.2024 ж., бастап 03.05.2024 ж., дейін	5/5	100
Директорлар кеңесінің мүшесі Әбішева Ботагөз Тоқтағұлқызы	01.02.2024 ж., бастап 26.02.2024 ж., дейін	1/2	50
Директорлар кеңесінің мүшесі Хусаинов Ғалым Әбілжанұлы – тәуелсіз директор	24.11.2022 ж., бастап 10.01.2024 ж., дейін	0/0	-

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚАРАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

2024 жылы Директорлар кеңесі 17 сырттай және 13 күндізгі отырыс өткізді, 145 мәселе қаралды.

Директорлар кеңесі келесі негізгі мәселелерді қарастырды:

1. «BEREKE BANK» АҚ-ның 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігін, өткен қаржы жылындағы «Bereke Bank» АҚ-ның таза кірісін бөлу тәртібін және «Bereke Bank» АҚ-ның 2023 жылғы жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу тәртібін, акционердің «Bereke Bank» АҚ-ның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жасаған өтініштері туралы ақпаратты алдын ала бекіту, сондай-ақ 2023 жылы «Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне берілетін сыйақының мөлшері мен құрамы туралы;
2. «Bereke Bank» АҚ Жарғысын жаңа редакцияда алдын ала бекіту;
3. «Bereke Bank» АҚ Басқарма мүшелерін сайлау және олардың өкілеттік мерзімін айқындау;
4. Банктің кредиттік саясатына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
5. Тәуекелдер бойынша тоқсандық есептер және кредиттік портфельдің сапасы бойынша есептер;
6. «Bereke Bank» АҚ-ның 2023 жылғы жылдық есебін алдын ала қарау;
7. Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды алдын ала айқындау және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау туралы;
8. «Bereke Bank» АҚ-ның 2025-2027 жылға арналған даму стратегиясын және Банктің 2025 жылға арналған бюджетін (бизнес-жоспарын) бекіту;
9. Директорлар кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту және «Bereke Bank» АҚ және оның комитеттерінің Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы;
10. Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес қаралатын есептілік және ақпарат.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Қазақстан Республикасы заңнамасының және «Bereke Bank» АҚ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес өз күштерімен Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің 2024 жылғы қызметіне бағалау жүргізілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ:

Банк Директорлар кеңесінің құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің Жарғысында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген мәселелер жатады.

Осы ретте Банк Директорлар кеңесі келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- даму Стратегиясын (бағыттары мен нәтижелерін) айқындау;
- даму Стратегиясында және/немесе Банктің даму Жоспарында белгіленген қызметтің негізгі көрсеткіштерін айқындау және мониторинг жүргізу;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және бақылау;
- Директорлар кеңесінің құзыретіне сәйкес негізгі стратегиялық жобалардың тиімді іске асырылуын бекіту және мониторинг жүргізу;
- Төрағаны және Банк басқармасының мүшелерін сайлау (қайта сайлау), сыйақы төлеу (Басқарма Төрағасынан басқа), сабақтастықты жоспарлау және олардың қызметін бақылау;
- корпоративтік басқару;
- Банкте Корпоративтік басқару кодексінің және іскерлік этика саласындағы Банктің корпоративтік стандарттарының (Іскерлік этика кодексінің) ережелерін сақтау.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Банкте маңызды қаржылық және қаржылық емес мәселелердің туындауы туралы Директорлар кеңесін хабардар ету Банктің құрылымдық бөлімшелері ұсынатын мерзімдік есептілік арқылы жүзеге асырылады. Аталған есептіліктің тізбесі мен ұсыну мерзімдерін Банк Директорлар кеңесі бекітеді.

Директорлар кеңесі экономикалық, экологиялық, әлеуметтік мәселелерге және корпоративтік басқару мәселелеріне байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Бұл ретте Банк тәуекелдері бойынша жағдайды тұрақты түрде талдау жүргізіледі.

Директорлар кеңесі Банктің даму стратегиясын және негізгі саясаттарын бекітеді.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ МҮШЕ ҰСЫНУ ПРОЦЕСТЕРІ

БАНКТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНЫП, ТАҢДАУ РЕТІ

Банк Директорлар кеңесінің құрамы акционердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсынылған) тұлғалардан, сондай-ақ акционердің өкілі ретінде ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлғалардан қалыптастырылады. Директорлар кеңесіне ұсынылатын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Жарғысында белгіленген талаптарға сай болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамы оның мүшелерінің дағдылары, тәжірибесі мен білімінің теңгерімін қамтамасыз етіп, Банктің және акционерлердің мүддесінде тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беруі қажет. Гендерлік әртүрлілікті қамтамасыз ету мақсатында, Директорлар кеңесіне кандидаттардың қойылған талаптарға сәйкестігі тең бағаланған жағдайда, басымдық әйел кандидаттарға беріледі.

Банк Директорлар кеңесінің мүшелерінің 50%-дан астамы тәуелсіз директорлар болып табылады. Банк қызметкерлері мен органдарының өз міндеттерін объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында, Банк оны алдын алу және реттеу тетіктерін енгізеді.

Мүдделер қақтығысын басқару рәсімдері, оларды іске асыру тетіктері, бақылау

тәртібі, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болдырмаудың негізгі қағидаттары, оны анықтау, бағалау және шешу тәсілдері Банктің уәкілетті органдары бекітетін ішкі құжаттарында айқындалады. Директорлар кеңесінің мүшелері мүдделер қақтығысын тудырған немесе оның туындауына себеп болуы мүмкін кез келген мәселе бойынша Директорлар кеңесіне дереу ақпарат ұсынуға міндетті.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша Банкте Банктің Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті және Банктің Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жұмыс істеді.

Банктің Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 17 желтоқсанда Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеттің өкілеттіктерін оны екі бөлек Комитетке бөлу туралы шешім қабылданды:

1 Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті

Комитет - Директорлар кеңесіне оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша алдын ала қарау, талдау, сабақтастықты жоспарлау және ұсынымдар әзірлеу арқылы көмек көрсететін тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган. Комитет Директорлар кеңесіне қызметтің (дамудың) басым бағыттарын әзірлеу, стратегиялық мақсаттар (даму стратегиясы), корпоративтік даму мәселелері бойынша ұсынымдарды, оның ішінде орта және ұзақ мерзімді перспективада банк қызметінің тиімділігін арттыруға, оның табысты қызмет етуі мен тұрақты дамуына ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу, басым бағыттарды анықтау мәселелері бойынша ұсынымдарды әзірлеу, Директорлар кеңесінің кадр саясаты, тағайындаулар мен сыйақылар жүйесі саласындағы құзыретіне жататын мәселелерді терең пысықтау және мониторинг жүргізу, Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің, Банк Басқармасы мүшелерінің қызметін тұтастай және жеке бағалау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау үшін құрылған.

Құрамы:

- Качмарек Пётр Януш – Комитет төрағасы (Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор);
- Нассер Абдулла С М Әл-Шариф - Комитет мүшесі (Директорлар кеңесінің Төрағасы - Тәуелсіз директор);
- Тимченко Андрей Игоревич - Комитет мүшесі.

2 Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті

Комитет Банктегі тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесінің жұмыс істеуі, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мен нығайту, сондай-ақ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізу мәселелері бойынша алдын ала қарау, талдау және ұсынымдар әзірлеу арқылы Директорлар кеңесіне жәрдем көрсететін тұрақты негізде жұмыс істейтін кеңесші-консультативтік орган болып табылады.

Құрамы:

- Дэвид Марк Браун - Комитет төрағасы (Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор);
- Нассер Абдулла С М Әл-Шариф - Комитет мүшесі (Директорлар кеңесінің Төрағасы - Тәуелсіз директор);
- Тимченко Андрей Игоревич - Комитет мүшесі.

2024 жылы Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті, сондай-ақ стратегиялық жоспарлау, кадр және сыйақы мәселелері жөніндегі комитеті мен тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті барлығы 10 сырттай және 13 қатысу форматындағы отырыс өткізіп, 54 мәселені қарастырды.

Комитеттер қараған негізгі мәселелер:

- «Bereke Bank» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, еңбекті ынталандыру жүйесі және өзге де төлемдер туралы ережеге енгізілген өзгерістерді алдын ала мақұлдау;
- «Bereke Bank» АҚ Жарғысын жаңа редакцияда алдын ала бекіту;
- алдын ала «Bereke Bank» АҚ Басқарма мүшелерін сайлау және олардың өкілеттік мерзімін айқындау туралы мәселені қарау;
- «Bereke Bank» АҚ-ның 2025-2027 жылға арналған даму стратегиясын және Банктің 2025 жылға арналған бюджетін (бизнес-жоспарын) алдын ала қарау;
- тәуекелдерді басқару мәселелері мен ішкі аудит есептілігі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

3 Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитеті

Комитет Банктің қаржы-шаруашылық қызметіне (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен шынайылығына), сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін сақтауға, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі құжаттарының сақталуына бақылаудың тиімді жүйесін орнату мәселелері бойынша алдын ала қарау, талдау және ұсынымдар әзірлеу арқылы Директорлар кеңесіне жәрдем көрсететін тұрақты негізде жұмыс істейтін кеңесші-консультативтік орган болып табылады.

Құрамы:

- Нассер Абдулла С М Әл-Шариф - Комитет төрағасы (Директорлар Кеңесінің Төрағасы - Тәуелсіз директор);
- Качмарек Пётр Януш - Комитет мүшесі (Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор);
- Тимченко Андрей Игоревич - Комитет мүшесі.

2024 жылы Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі Комитетімен 7 сырттай және 9 күндізгі отырыс өткізіліп, 37 мәселе қаралды.

Комитет қараған негізгі мәселелер:

- Банктің 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала қарау;
- Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған жылдық ішкі аудит жоспарына өзгерістер енгізу туралы мәселені алдын ала қарау;
- 2023 жылғы Банктің қаржылық есептілік аудитінің қорытындылары бойынша сыртқы аудитор тарапынан алынған басшылыққа хат бойынша іс-шаралар жоспарын алдын ала қарау;
- Банкте ішкі аудитті ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын қарау;
- Аудит облыстарының Картасын және Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған Жылдық ішкі аудит жоспарын алдын ала қарау;
- Аудиттің ішкі қызметінің жылдық жоспарына сәйкес қарастырылған аудит нәтижелері бойынша есептерді алдын ала қарау.

БАСҚАРМА

«Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ) Басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) – Банкті жедел басқаруға және Директорлар кеңесінің Стратегиялық шешімдерін іске асыруға жауапты атқарушы алқалы орган. Оның қызметі бизнес-модельді, операциялардың ауқымын, тәуекелдер деңгейін және ішкі нормативтік құжаттарды ескере отырып құрылады.

Басқарма Банктің операциялық қызметін тиімді басқаруды, стратегияның іске асырылуын бақылауды және корпоративтік стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді. Басқарма қойылған міндеттерді орындауға, тәуекелдерді басқаруға және мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға жауапты болады. Басқарма Төрағасы мен мүшелері Директорлар кеңесі мен акционерге есеп береді.



Тимченко Андрей Игоревич

«Bereke Bank» АҚ
(Lesh Bank LLC (Public) ЕБ)
Басқарма төрағасы
(17.11.2022 ж., бастап)

1976 жылы туған

Білімі:

Қазақ мемлекеттік заң университеті, «Құқықтану» мамандығы (ҚР).

Еңбек жолы туралы мәлімет:

2022 жылдан бастап – «Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ) Басқарма Төрағасы.

2018 жылдан 2022 жылға дейін – «Альфа-Банк» ЕБ АҚ («Eco Center Bank» АҚ) Бас басқарушы директоры, Басқарма мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары.

Банк секторында түрлі лауазымдарда 25 жыл, Басқармада – 20 жыл жұмыс тәжірибесі бар.

Басқа лауазымдары:

2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ) Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ), үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ) жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



Аникина Алина Владимировна

«Bereke Bank» АҚ
(Lesh Bank LLC (Public) ЕБ)
Басқарма төрағаның орынбасары
(10.04.2023 ж., бастап)

1980 жылы туған

Білімі:

М. В. Ломоносов ат. Мәскеу мемлекеттік университеті «Менеджмент» бағыты, менеджмент магистрі дәрежесі берілді.

Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясы, жоғары басшылық үшін іскери әкімшілік жүргізу шебері.

Kingston University of London – Executive Master of Business Administration (EMBA).

Еңбек жолы туралы мәлімет:

2023 жылдан бастап «Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ) Басқарма төрағасының орынбасары.

2022 жылдан 2023 жылға дейін «Bereke Bank» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі.

2016 жылдан 2022 жылға дейін «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Басқарма Төрағасы.

Жұмыс тәжірибесі – 24 жылдан астам, банк секторындағы әртүрлі лауазымдарда – 18 жыл, Басқармада – 9 жылдан астам.

Басқа лауазымдары:

2019 жылдан бастап АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – «Freedom Finance Insurance» СК тәуелсіз директоры.

«Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ), үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ) жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



Қасенов Серке Мұратбекұлы

«Bereke Bank» АҚ
(Lesh Bank LLC (Public) ЕБ)
Басқарма төрағасының орынбасары
(10.04.2023 ж., бастап)

1974 жылы туған

Білімі:

Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институты, мамандығы – «Жеңіл өнеркәсіптегі экономика және менеджмент», біліктілігі – инженер-экономист;

Қ. А. Яссауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті, экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді.

Еңбек жолы туралы мәлімет:

2023 жылдан бастап – «Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ) Басқарма төрағасының орынбасары.

2022 жылдан 2023 жылға дейін – «Bereke Bank» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі.

2022 жылдан 2022 жылға дейін – «ҚазТрансГаз – Аймақ» АҚ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры.

2021 жылдан 2022 жылға дейін – «Альфа-Банк» ЕБ АҚ («Eco Center Bank» АҚ) Басқарушы директоры.

2018 жылдан 2021 жылға дейін – «Альфа-Банк» ЕБ АҚ қауіпсіздік жөніндегі атқарушы директоры.

Жұмыс тәжірибесі – 26 жылдан астам, банк секторындағы әртүрлі лауазымдарда – 20 жылдан астам.

Басқа лауазымдары: жоқ

«Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ), үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ) жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

БАСҚАРМА

БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

Банктің Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Басқарма Банктің қызметіне жедел басшылықты жүзеге асырады және келесі өкілеттіктерге ие:

1. Банктің даму стратегиясын әзірлеу: стратегиялық мақсаттарды және даму жоспарларын қалыптастырады, олардың нарықтық жағдайға, заңнама талаптарына және қаржылық мүмкіндіктерге сәйкестігін бағалайды.
2. Стратегияны және негізгі көрсеткіштерді іске асыру: стратегияның орындалуын, нысаналы мәндерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді, ауытқулар болған жағдайда іс-қимылдарды түзетеді.
3. Тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру және іске асыру: Банктің тәуекел-профилін айқындайды, тәуекелге тәбеттілік стратегиясын әзірлейді, тәуекелдер бойынша белгіленген лимиттердің сақталуын бақылайды, комплаенс, операциялық, нарықтық, кредиттік және IT-тәуекелдерді қоса алғанда, тәуекелдер жөніндегі есептерді, сондай-ақ стресс-тестілеу нәтижелерін қарайды.
4. Бюджет пен бизнес-жоспарды қалыптастыру: бюджет пен бизнес-жоспар жобасын әзірлейді және бекітуге шығарады, олардың іске асырылуын бақылауды қамтамасыз етеді.
5. Бюджеттің орындалуын бақылау және түзету: бюджеттің орындалуына тұрақты талдау жүргізеді, ауытқуларды анықтайды және түзету шараларын ұсынады.
6. Қаржылық және басқарушылық есептілік: Директорлар кеңесіне және реттеуші органдарға сенімді әрі уақтылы есептіліктің ұсынылуын қамтамасыз етеді.
7. Банктің және филиалдардың ұйымдастырушылық құрылымы: құрылымдық бөлімшелердің құрылымын, бағыныстылығын және басқару органдарының құрамын бекітеді және өзгертеді.
8. Кадр саясаты және персоналды дамыту: кадрлық стратегияны қалыптастырады, қызметкерлерді іріктеу, оқыту, дамыту және ротациялау үшін жауапты болады.
9. Еңбекақы төлеу жүйесі: лауазымдық айлықақылардың құрылымын, сыйақы беру жүйесін және материалдық емес ынталандыруды айқындайды.
10. Филиалдардың жұмысын бақылау: олардың тиімділік көрсеткіштерін бекітеді және қызметіне мониторинг жүргізеді.
11. Комплаенс-тәуекелді басқару: Банктің қызметінің заңнама талаптарына және ішкі саясаттарға сәйкестігін бағалайды және бақылайды.
12. Технологиялық даму және автоматтандыру: операциялық тиімділікті арттыру мақсатында заманауи технологиялар мен цифрлық шешімдерді енгізеді.
13. Жаңа өнімдерді талдау және іске қосу: жаңа қызметтердің капиталға және тәуекел деңгейіне әсерін бағалайды.
14. Клиенттерден кері байланыс: өтініштерді қарау тәртібін ұйымдастырады және бақылайды, қызмет көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.
15. Аудит және бақылау: тексерулердің нәтижелерін қарайды, анықталған бұзушылықтарды жоюды және ұсыныстарды орындауды ұйымдастырады.
16. Басқарудың тиімділігін бағалау: корпоративтік басқаруды, ішкі бақылауды және тәуекелдерді басқару жүйесін бағалайды.
17. Стресс-тестілеу және капитал: стресс-тестілеу жүргізеді және ықтимал тәуекелдерді жабу үшін капиталдың жеткіліктілігін талдайды.
18. Есептіліктің сапасын бақылау: ішкі және реттеушілік есептіліктің толықтығын, сенімділігін және уақтылы қалыптастырылуын қамтамасыз етеді.
19. Ішкі саясаттарды әзірлеу және бекіту: капиталды, өтімділікті, операциялық, IT және нарықтық тәуекелдерді басқару саясаттарын және өзге де негізгі ішкі құжаттарды қалыптастырады.
20. Ішкі саясаттардың тиімділігін бағалау: бекітілген саясаттардың орындалуына мониторинг жүргізеді және олардың нәтижелілігін талдайды.
21. Тәуекелдер бойынша елеулі ақпаратты қарау: тәуекел-профильге әсер ететін инциденттер мен оқиғаларды жедел қарайды және жауап шараларын қабылдайды.
22. Активтер мен залалдарды есептен шығару: өкілеттіктер шегінде өндіріп алу мүмкін емес берешектер мен инвестицияларды есептен шығару туралы шешімдер қабылдайды.
23. Ішкі бақылау жүйесі: бұзушылықтарды анықтау, активтердің сақталуын қамтамасыз ету және есептіліктің дұрыстығы процестерінің тиімділігін бақылайды.
24. Акционерлердің Жалпы жиналысын ұйымдастыру: құжаттарды дайындайды, жиналысты өткізуді қамтамасыз етеді және қабылданған шешімдердің іске асырылуын қамтамасыз етеді.
25. Басқарушылық ақпарат жүйесін дамыту: басқарушылық ақпараттың құрылымын және онымен жұмыс істеу тәртібін әзірлейді.
26. Сыртқы және ішкі факторларды бағалау: сыртқы ортадағы өзгерістер мен ішкі процестерден туындайтын тәуекелдерді талдайды.
27. Жұмыс органдарын құру: ішкі комитеттерді қалыптастырады және олар туралы ережелерді бекітеді (Директорлар кеңесінің бекітуіне жататындарын қоспағанда).
28. Сыртқы аудиторлармен өзара іс-қимыл: сыртқы аудиторды таңдау және оның жұмысына баға беру бойынша ұсыныстарды қалыптастырады.
29. Ішкі хабардар ету тетіктері: қызметкерлерге бұзушылықтар туралы құпия түрде хабарлауға мүмкіндік беретін тетіктердің жұмысын қамтамасыз етеді.
30. Директорлар кеңесін ақпараттандыру: стратегиялық даму, тәуекелдер, қызмет нәтижелері және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы толық ақпарат ұсынады.

БАСҚАРМА

БАНК БАСҚАРМАСЫНДА ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

2024 жылы Банк басқармасы 100 отырыс өткізді, оның ішінде: 79 бетпе-бет отырыс, 21 сырттай отырыс, 866 мәселе қаралды.

Банк Басқармасы келесі негізгі мәселелерді, оның ішінде Директорлар Кеңесінің кейіннен бекітуі үшін қарады:

- «Bereke Bank» АҚ бюджеті (бизнес-жоспар)
- 2024 жылға арналған басқарушылық есептілік және Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер туралы ақпарат
- Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес қаралатын есептілік және ақпарат
- 2023 жылғы банктер активтерінің сапасын тұрақты бағалау (AQR), 2023 жылғы қадағалайтын стресс-тестілеу, 2022-2023 жылдар кезеңіндегі тәуекелдерді бағалау жүйесі (SREP) бойынша «Bereke Bank» АҚ қадағалау бағалауының нәтижелеріне сай анықталған тәуекелдер мен кемшіліктерді қарау
- Басқарма мүшелерін нарықтағы ағымдағы жағдай туралы хабардар ету

- Ішкі құжаттарға сәйкес Басқарманың құзыретіне жататын мәмілелер мен мәселелер, оның ішінде Банктің келесілерге қатысуы туралы мәселелер:

- Қазақстан өңірлеріндегі ауыл тұрғындарына қаржылық сауаттылықты оқытуға байланысты «Қарызсыз қоғам» жобасына демеушілік көмек көрсетуге;
- экологиялық тұрғыдан тұрақты бизнес пен қалалық инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесе отырып, идеялармен, тәжірибемен және инновациялармен алмасу үшін серпінді және инклюзивті кеңістік құруға бағытталған «Berekeli Qala» 2024 ж., байқауын ұйымдастыру және өткізу;
- әр адамның күнделікті өмірінде спорттың қолжетімділігі мен маңыздылығын көрсетуге арналған «Almaty Marathon 2024» әлеуметтік жобасына демеушілік көмек көрсету;
- техниканы сұраныс бойынша мекемелерге өтеусіз беру;
- мүгедектігі бар адамдар және халықтың өзге де мобильділігі төмен топтары үшін Банктің бөлімшелері мен өнімдері/сервистерінің ақпараттық және физикалық қолжетімділігін арттыруға қатысты мәселелерді қарау;
- су тасқынынан зардап шеккен жеке тұлғалардың қарыздары бойынша атқарушылық іс жүргізу шеңберінде кредит беру мерзімін ұзарта отырып, сыйақы есептемей/талап қою жұмысын және өндіріп алу жөніндегі жұмыстарды кейінге қалдыруды ұсыну.

БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Басқарма қызметін бағалау 2022 жылғы 30 қыркүйектегі шешіммен (№66 шешім) «Bereke Bank» АҚ Директорлар Кеңесі бекіткен «Bereke Bank» АҚ басшыларының еңбекақысын төлеу, ақшалай сыйақыларды есептеу, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлері жөніндегі саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ Банктің миссиясы мен құндылықтарына негізделген мінез-құлық стандарттарын бекітетін Корпоративтік этика кодексі қолданылады. Құжат қызметкерлермен, клиенттермен және серіктестермен адал, әділ және заңды қарым-қатынасты қамтамасыз етуге бағытталған.

Кодекс лауазымына қарамастан барлық қызметкерлер үшін міндетті. Қызметкерлер этикалық қағидаларды сақтайды, өз жұмысының нәтижелері үшін жауап береді. Адамдар бір-бірін құрметтейтін, ашық жұмыс ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. Банк басшылары этикалық корпоративтік мәдениетті қолдау және нормаларды сақтау мәселелері бойынша ашық коммуникацияны қамтамасыз етеді.

БИЗНЕСТІ ЖҮРГІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ЭТИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

- Адал бәсекелестік;
- Өкілеттіктерді теріс пайдалануға жол берілмейді;
- Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы әрекет.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ішкі бақылау жүйесін бизнестің тұрақты дамуына ықпал ететін тиімді басқару мен тәуекелдерді азайтудың негізгі элементі ретінде қарастырады. Ішкі бақылау корпоративтік басқару жүйесіне біріктірілген және Банктің ұйымдық құрылымының барлық деңгейлерін қамтиды.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуіне стратегиялық қадағалауды жүзеге асырады. Бақылау функциясының сапасы мен тиімділігін арттыру үшін Директорлар кеңесі жанынан аудит жөніндегі Комитет құрылды. Оның міндеті - тәуекелдерді басқарудың бақылау тетіктері мен жүйелерін жетілдіру бойынша негізделген ұсынымдарды қалыптастыру.

Ішкі бақылау жүйесінде Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін Ішкі аудит қызметі маңызды рөл атқарады. Оның қызметіне жетекшілік ету аудит жөніндегі Комитет арқылы жүзеге асырылады. Қызметтің басшысы мен қызметкерлерін Директорлар кеңесі тағайындайды, бұл оның жұмыс істеуінің тәуелсіздігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

Ішкі аудит қызметінің жұмысы халықаралық стандарттарға негізделген тәуелсіздік, бейтараптық, объективтілік және кәсібилік қағидаларына негізделген. Ішкі ережелер оның рөлдерін, өкілеттіктері мен жауапкершілігін нақты анықтайды. Директорлар кеңесі негізгі көрсеткіштердің (KPI) орындалуын қоса алғанда, қызметтің тиімділігін үнемі бағалайды.

Ішкі аудит қызметінің миссиясы - тәуекелге бағдарланған тәсілге негізделген объективті, тәуелсіз тексерістер жүргізу арқылы Банктің құнын қорғау және арттыру. Аудит тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін, сонымен қатар ұсыныстар мен білім алмасуды қамтиды.

Аудит нәтижелері Директорлар кеңесі деңгейінде қаралады. Тексеру қорытындысы бойынша анықталған тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралардың орындалуы бақыланады. Тәуекел тұрғысынан маңызды салалардағы қызметті талдау қолданыстағы ішкі бақылау жүйесі белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігін және Банк үшін тәуекелдерді барынша азайтуға ықпал ететіндігін растады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ

Банкте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға, анықтауға және азайтуға, сондай-ақ қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйенің негізгі мақсаты - сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз етудің тиімді ішкі тетігін құру. Саясат корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерін қамтиды және Банктің қызметкерлеріне, клиенттеріне, серіктестеріне және контрагенттеріне қолданылады.

Банк сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мынадай қағидаттарына негізделеді:

- **Заңдылық.** Банк қызметкерлері қолданылып жүрген заңнаманың талаптарын сақтауы тиіс;
- **Сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне нөлдік төзімділік.** Банк сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің кез келген түрін қабылдамайды;
- **Жаза бұлтартпастығы.** Қолданылып жүрген заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікті Банктің барлық қызметкерлері, атқарып отырған лауазымына қарамастан, көтереді.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу және оларға қарсы іс-қимылдың негізгі шаралары мыналар болып табылады:

- ақпараттандыру мен оқыту арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен шектеулерді қалыптастыру және сақтау;
- сыйлықтар мен өзге де көтермелеулерге қатысты тәртіпті белгілеу;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жүзеге асыру мүмкіндігін барынша азайту/жою мақсатында Банктің процестерінде ішкі бақылауды орнату (қос бақылау, алқалық шешім қабылдау және т.б.);
- әлеуетті қарсы тараптардың іскерлік беделін жалпыға қолжетімді көздерден сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы теріс ақпараттың бар-жоғына талдау жүргізу;
- клиенттермен/қарсы тараптармен жасалатын келісімдерге/шарттарға сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу туралы талаптарды енгізу;
- жоспарланып отырған немесе жасалған сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы әрбір хабарлама бойынша қызметтік тергеу жүргізу;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол берген тұлғаларды жауапкершілікке тарту.

Банк ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибені нығайту мақсатында мүдделер қақтығысын ашу және реттеу тәртібі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды ескере отырып контрагенттерді іріктеу рәсімдері, жұмысқа қабылдау кезінде міндетті

декларация тапсыру, сондай-ақ ішкі мінез-құлық стандарттары қолданылады.

Қызметкерлер Банктің мүдделеріне зиян келтіретін іс-әрекеттерден бас тартуға, сыбайлас жемқорлық пен мүдделер қақтығысы фактілері туралы хабарлауға, сондай-ақ құқық бұзушылықтарға ықпал ететін жағдайлардың алдын алуға міндетті.

Есептік кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері анықталған жоқ. Банкке қатысты әкімшілік шаралар мен қадағалау әсерлері қолданылған жоқ.

МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Банкте Банктің, оның клиенттері мен контрагенттерінің мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін жағдайлардың алдын алуға бағытталған мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі ішкі құжат қолданылады. Осы құжаттың сақталуын қамтамасыз етуге уәкілетті барлық органдар мен қызметкерлер, атқаратын лауазымына қарамастан, қатысады.

Мүдделер қақтығысын басқару жүйесінің мақсаты:

- лауазымды тұлғалардың/қызметкерлердің жеке мүдделері өз міндеттерін тиісінше орындауына әсер етуі мүмкін жағдайлардың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасау тәуекелдерін барынша азайту;
- мүдделер қақтығысын реттеу тетіктерін әзірлеу және олардың орындалуын бақылау;

- Банктің қызметкерлерін мүдделер қақтығысын басқару қағидаттарына оқыту.

Басқару Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі нормативтік құжаттарды және іскерлік этика қағидаттарын сақтауға негізделеді. Директорлар кеңесі мүдделер қайшылығын басқару жүйесіне стратегиялық бақылауды жүзеге асырады, ал Басқарма нормативтік талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ететін процестерді, рәсімдерді және ішкі бақылауларды ұйымдастырады. Сондай-ақ, Басқарма өз өкілеттіктері шеңберінде этика және мүдделер қайшылығын басқару саласындағы мәселелерді қарап, шешімдер қабылдайды. Банк қызметкерлері ықтимал мүдделер қайшылығын анықтауға және бағалауға, белгіленген ережелерді адал сақтауға және жеке мүдделілік жағдайлары туралы дереу хабардар етуге міндетті. Саясат талаптарын сақтамағаны үшін жеке жауапкершілік қарастырылған.

Банк қызметкерлерді жүйелі түрде оқытуды, өкілеттіктер мен міндеттерді бөлу жөніндегі рәсімдерді енгізуді, сондай-ақ жүйелі мониторингті қоса алғанда, алдын алу іс-шараларының кешенін жүргізеді. Мониторинг туындайтын жағдайлардың саны мен сипатын, олардың банк қызметіне әсер ету дәрежесін және олардың алдын алу немесе реттеу жөніндегі шаралардың нәтижелілігін талдауды қамтиды.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша Банкте мүдделер қайшылығы жағдайлары тіркелмеген.

КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ САЯСАТЫ

Банк комплаенс тәуекелін басқару саясатын бекітті, ол комплаенс тәуекелін басқарудың негізгі мақсаттары мен міндеттерін, қағидаттарын, сондай-ақ осы процестің қатысушыларының өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін айқындайды.

Комплаенс тәуекелін басқару рәсімдері тәуекелге бағытталған тәсілге негізделген, бұл ықтимал қауіп-қатерлерді уақтылы анықтауға және оларды тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Банктегі комплаенс мәдениетін қалыптастыру келесі негізгі қағидаттарға сүйенеді:

- жауапкершілік – әрбір қызметкер өз лауазымдық міндеттерін адал және сапалы орындауға, комплаенс тәуекелдерінің туындау ықтималдығын барынша азайтуға жауапты;
- ашықтық – комплаенс функциясының тәуелсіздігі және мүдделер қақтығысының болмауы;
- жеделдік – анықталған бұзушылықтар мен комплаенс тәуекелдеріне дер кезінде әрекет ету.

Комплаенс тәуекелін басқару жүйесі 3 (үш) қорғаныс желісінен тұрады:

- Банк қызметкерлері, олар: Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттерінің заңнамаларының талаптарына, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қызмет атқарады; олардың құрылымдық бөлімшесінің қызметіне тән комплаенс-тәуекелдерді күнделікті операцияларды жүргізу, күнделікті функцияларды жүзеге асыру, сондай-ақ оларды жоюды бақылау және мониторингтеу кезінде басқарады;
- комплаенс-бақылау бөлімі, ол комплаенс тәуекелін басқару жүйесін енгізу мен оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және Банктің Басқармасына комплаенс тәуекелін басқару мәселелерінде әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетеді;
- ішкі аудит бөлімі, ол комплаенс тәуекелін басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалауды жүзеге асырады.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК БАЗАНЫ БАСҚАРУ

Банктің қызметі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңына, Банк Жарғысына, кодекске, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі және Банк Басқармасы бекіткен Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасына, халықаралық құқыққа және реттеуші орта нормаларын қатаң сақтай отырып әрекет етеді, жауапты қаржыландыруға және тұрақты дамуға жәрдемдесу үшін нормативтік базаны қалыптастыруға қатысады.

Банк заңдардан, жасалған шарттардан, міндеттемелерден туындайтын контрагенттердің құқықтары мен мүдделерін құрметтейді.

Банк үлкен экономикалық, табиғи және әлеуметтік жүйелердің бөлігі бола отырып, олардың күйіне - жеке тұлғалардың, қоғамның және өз акционерлерінің алдында өз тарапынан тигізілген әсері үшін жауап береді. Банк әсерді бағалайды және мониторинг жүргізеді, теріс әсерді азайту

және оң әсерді барынша арттыру жөніндегі шараларды әзірлеп, іске асырады. Салалық, ұлттық және халықаралық бастамалардың қатысушысы бола отырып, Банк өз еркімен алған міндеттемелерін орындайды.

Банк өз қызметінде және жеткізу тізбегінде адам құқықтарын сақтайды, қорғайды, контрагенттерге, клиенттерге және іскери серіктестерге тиісті талаптар қояды, олардың орындалуын тексереді және адам құқықтары туралы хабардарлықты арттырады. Банк барлық қолданыстағы заңнамалық нормаларды сақтайды және өзіне алған міндеттемелерді орындайды.

Банкте есептік 2024 жыл бойынша:

- Есепті кезеңде сот талқылаулары нәтижесінде айтарлықтай шығындар болған жоқ.
- Алаяқтық, монополияға қарсы қызмет фактілеріне, еркін бәсекелестікке нұқсан келтіру практикасына, нарықты айла-шарғы жасауға байланысты сот талқылаулары есепті жыл ішінде жоқ.
- Есепті кезеңде елеулі айыппұлдар мен қаржылық емес ықпал ету шаралары болған жоқ.

АНТИФРОД ЖҮЙЕСІ

Алаяқтыққа қарсы автоматтандырылған жүйе - алаяқтық белгілерін анықтау және анықталған оқиғаларға тергеу жүргізу бойынша мамандандырылған шешім. Антифрод жүйе клиенттердің транзакцияларын талдайды және күдікті әрекеттерді анықтайды (мысалы, аударымдардың күрт өсуі, әдеттен тыс құрылғыдан кіру әрекеттері және т.б.). Антифрод (anti-fraud) - Банкті алаяқтық операциялардан қорғау жүйесі «Bereke Bank» АҚ-да алаяқтықтың алдын алу және мониторингі жөніндегі ережемен реттеледі, ол:

- 1.** цифрлық арналарда транзакциялар жүргізу кезінде Банк клиенттерінің қаражатын барынша қорғауды қамтамасыз етеді;
- 2.** клиенттердің операцияларды жүргізу тиімділігінің жоғары дәрежесін сақтай отырып, алаяқтық белсенділікке қарсы тұрады;
- 3.** алаяқтық туралы ескерту және оның алдын алу әдістерін насихаттау.

Банкті алаяқтық операциялардан қорғау жүйесі қаржылық шығындарды азайту, заңнаманы сақтау, беделді қорғау және бақылауды автоматтандыру, күдікті операцияларды жедел бұғаттау үшін машиналық оқыту мен үлкен деректерді талдауды қолданады.



КЕРІ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІ

Банкте кері байланыс желісі бар, бұзушылықтар туралы дереу хабарлау қажет:

- ұсыныс, пара беруге уәде беру, банктің ішкі құжаттарын өзге де бұзушылықтар;
- Банктің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселелері бойынша Банктің ішкі құжаты;
- алаяқтық жағдайлары;
- есептілікті бұрмалауға бағытталған әрекеттер;

- клиенттердің құқықтарын бұзу, инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып операциялар жасау, қылмыстық жолмен алынған ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру сияқты Банк үшін іскерлік беделін жоғалтудың немесе құқықтық тәуекелдердің елеулі тәуекелдері бар іс-әрекеттер;
- қызметкерге/қызметкерлерге немесе Банкке зиян келтіретін немесе зиян келтіруі мүмкін этикалық нормаларды бұзу және хабарлау мотивтері тек зиян келтірудің алдын алу немесе тоқтату ниетімен байланысты;
- сондай-ақ Банктің қызметіне елеулі әсер ететін өзге де жағдайлар.

АҚПАРАТТЫ АШУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Банк мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы – оның ішінде қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақтылы әрі шынайы түрде жариялап отырады.

Банк өз қызметінде ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидатын басшылыққа алады.

Ақпаратты ашу жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында Банкте ақпаратты ашу мен қорғаудың қағидаттары мен тәсілдерін, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпарат тізбесін, ақпаратты ашу мерзімдерін, тәртібі мен тәсілін, нысанын, сондай-ақ ақпаратты ашуға жауапты лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің функциялары мен міндеттерін және ақпаратты ашу үдерістерін реттейтін өзге де ережелерді айқындайтын ішкі құжаттар бекітіледі.

Банкте міндетті түрде ашылуға жататын ақпаратты қалыптастыру және орналастыру тәртібін айқындайтын Нұсқаулық қолданылады. Бұл Нұсқаулықта корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік, аудит қорытындылары, Банктің қызметіндегі өзгерістер және өзге де міндетті түрде ашылатын ақпарат бойынша ақпараттық хабарламаларды қалыптастыру, орналастыру/жариялау тәртібі, форматы, тізбесі мен мерзімдері белгіленеді. Аталған ақпарат қаржылық есептіліктің Депозитарийінің, Қазақстан қор биржасының интернет-ресурстарында орналастырылады және уәкілетті мемлекеттік органға, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғаларға ұсынылады.

ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Bereke Bank тәуекелдерді басқару жүйесіне*, әсіресе жаһандық экономиканың тұрақсыздығы жағдайында, басымдық береді. Тәуекелдерді тиімді бақылау және төмендету Банктің қызметінің ажырамас элементтері болып табылады және операциялардың тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Банкте Қазақстан Республикасының реттеуші органдарының талаптарына және Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсынымдарына сәйкес әзірленген тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесі жұмыс істейді.

Директорлар кеңесі ағымдағы тәуекелдерді бағалау және стратегиялық шешімдер қабылдау үшін тұрақты негізде есептер алады. Жүйе барлық негізгі бағыттарды қамтиды: кредиттік, нарықтық, өтімділік, операциялық, ESG, IT және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдер, сондай-ақ бизнестің үздіксіздігін басқару.

Кешенді тәуекел-менеджмент жүйесі шеңберінде Банк ESG тәуекелдерін – экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілердің қаржылық тұрақтылыққа әсерімен байланысты факторларды айқындайды және басқарады.

ESG ТӘУЕКЕЛДЕРІ

ESG тәуекелдері экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторлардың ықпалы нәтижесінде туындайтын қаржылық шығындардың, операциялық іркілістердің және беделдік қатерлердің пайда болу ықтималдығын білдіреді. Бұл тәуекелдер Банктің қызметіне, оның стратегиялық көрсеткіштеріне, активтердің құнына, сондай-ақ клиенттер, серіктестер және реттеуші органдар тарапынан көрсетілетін сенім деңгейіне әсер етуі мүмкін.

ESG-ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ АРХИТЕКТУРАСЫ

Банкте ESG-тәуекелдерін тиімді басқару мақсатында алқалы органдар мен мамандандырылған бөлімшелерді қамтитын көпдеңгейлі жүйе құрылды:

- Тәуекелдерді басқару қызметі ESG-тәуекелдерін басқару процесін үйлестіреді, ESG-тәуекелдерін айқындау және бағалау бойынша ұсыныстарды әзірлейді және ұсынады;
- Басқарма ESG күн тәртібін және тәуекел-процестерін іске асыруды бақылауды жүзеге асырады, ESG бойынша тұжырымдамаларды және ішкі нормативтік құжаттарды (саясаттарды қоспағанда) бекіту жөнінде шешімдер қабылдайды;
- Директорлар кеңесі жанындағы комитет ESG-тәуекелдер бағытын қоса алғанда, Банктің стратегиясын алдын ала мақұлдайды, сондай-ақ Банктің саясаттарын, оның ішінде ESG жөніндегі саясаттарды бекітеді;
- Директорлар кеңесі Банктің ESG стратегиясын және ESG тәсілдерді регламенттейтін саясаттарды бекітеді.

Банк заңнамадағы, нарықтық жағдайлардағы және реттеушілік талаптардағы өзгерістерге жауап ретінде өз саясаттары мен бизнес-процестерін тұрақты негізде бейімдеп отырады. Ішкі нормативтік базаны жүйелі түрде жаңарту жергілікті заңнаманың талаптарын да, халықаралық ESG стандарттарын да ескеруге мүмкіндік береді.

*Тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесі туралы толық ақпарат Банктің жылдық есебінде берілген.

САЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН БАСҚАРУ

Bereke Bank салық заңнамасын адал және жауапты орындау қағидаттарын ұстанады, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің және өзге де реттеуші құқықтық актілердің нормаларын қатаң сақтайды. Салық органдарымен өзара іс-қимыл ұсынылатын ақпараттың ашықтығы мен толықтығы қағидаттарына негізделген.

Банктің құрылымында салықтарды есептеу, төлеу және салықтық есептілікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін мамандандырылған салықтық бөлімше жұмыс істейді. Қызметкерлер операциялық қызметте заңнаманы дұрыс қолдану және білімдерін өзектендіру мақсатында тұрақты түрде оқытудан өтеді.

Жауапты салық саясаты және жеткізушілермен серіктестік Bereke Bank корпоративтік басқаруының маңызды элементтері болып табылады және ашықтық, адалдық және жергілікті экономиканы қолдау принциптерін көрсетеді.

МЕРДІГЕРЛЕР МЕН ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН БАЙЛАНЫСТАР

Банк ашықтықты, адалдықты және тұрақты дамуды құндылық ретінде ұстанатын сенімді жеткізушілермен серіктестік қатынастарды қалыптастырады. Ынтымақтастықта қазақстандық компанияларға басымдық беріледі, бұл жергілікті бизнесті дамытуға және қосылған құн тізбегін қалыптастыруға ықпал етеді. Банк сатып алуларды жүзеге асыру барысында ашықтық, адал бәсекелестік және тең мүмкіндіктер қағидаттарын ұстанады. Контрагенттер іскерлік этика мен әлеуметтік жауапкершілікті сақтай отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз етуге тиіс.

Жеткізушілерге қойылатын талаптар Банктің ішкі нормативтік құжаттарында бекітілген:

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормаларын сақтау;
- кемсітушілікке және мәжбүрлі еңбекке жол бермеу;
- еңбек заңнамасын сақтау;
- корпоративтік басқару жүйесінің болуы;
- іскерлік этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қағидаттарын ұстану.

ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІ ӘРТАРАПТАНДЫРУ

Көрсеткіш	2022	2023	2024
Жергілікті қызмет көрсетушілерге кеткен шығын	91%	94%	94%
Қатысқан жеткізушілердің жалпы саны	624	676	1 125



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІН БАСҚАРУ

Қоршаған ортаға әсерді азайту шеңберінде Bereke Bank ресурстарды ұтымды пайдалануға, энергия мен суды үнемдеуге, цифрландыруға және «қағазсыз кеңсе» қағидаттарын енгізуге басымдық береді. Сондай-ақ Банк сенбіліктерді, ағаш отырғызу жұмыстарын, экологиялық-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастырады және қызметкерлерді еліміздің барлық өңірлерінде тұрақты практикаларға тартуды қамтамасыз етеді.

Апаттық және жүйесіз шығарындылар

Bereke Bank қызметінің бүкіл кезеңінде апаттық төгінділер, қауіпті заттардың немесе салқындатқыш агенттердің шығарындылары тіркелген жоқ. Қадағалау органдары тарапынан экологиялық талаптардың бұзылуы анықталған жоқ.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) шығару

ҚТҚ санитариялық нормаларға сәйкес бекітілген кесте бойынша шығарылады. Қайта өңдеуге жатпайтын қалдықтар лицензияланған полигондарда сертификатталған ұйымдар арқылы кәдеге жаратылады.

Банктің көміртек ізі

Банк көміртек ізін азайтуға ұмтылады және климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық топтың (МГЭИК, 2006 ж.) әдіснамасына сәйкес парниктік газдар шығарындыларына сандық бағалау жүргізеді. Жыл сайын отын мен энергияны тұтынуға мониторинг жүргізіледі, шығарындылар туралы деректер жиналып, жылдық есептілікте ашып көрсетіледі.

1-ауқым бойынша шығарындылардың негізгі көздері – автокөлік құралдары мен шағын дизельдік генератор қондырғылары болып табылады. Атап айтқанда, N₂O және CH₄ газдарының шығарындылары елеусіз деңгейде. 2-ауқым – сатып алынған электр және жылу энергиясынан туындайтын парниктік газдардың жанама шығарындылары.

2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда жалпы шығарындылардың 11%-ға төмендеуі тіркелді, оның ішінде электр энергиясы мен бензинді тұтынудың қысқаруы, сондай-ақ энергия тиімділігі жөніндегі бастамаларды іске асыру есебінен.

1-АУҚЫМ БОЙЫНША ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ*

Жыл	Дизель отыны (ГДж)	Бензин (ГДж)	Дизель шығындылары (т CO ₂)	Бензин шығындылары (т CO ₂)	1-ауқым барлығы (т CO ₂)
2023	289	1 553	21	108	129
2024	609	1 246	45	86	131

2-АУҚЫМ БОЙЫНША ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ*

Жыл	Электр энергиясы (ГДж)	Электр энергиясы (кВт·с)	Шығын CO ₂ (т)
2023	53 173	14 770 380	12 555
2024	47 291	13 136 440	11 166

1 ЖӘНЕ 2-АУҚЫМДАР БОЙЫНША ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ*

Жыл	1-ауқым (т CO ₂)	2-ауқым (т CO ₂)	Жалпы шығындылар (т CO ₂)
2023	129	12 555	12 684
2024	131	11 166	11 297

* Парниктік газдар шығарындыларының эмиссия коэффициенттері төмендегі құжаттан алынған: 2006 жылғы Парниктік газдар шығарындыларының ұлттық түгендеуіне арналған IPCC нұсқаулығы (Біріккен Ұлттар Ұйымы / Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ негіздемелік конвенциясы шеңберінде қабылданған халықаралық есептеу стандарты).

ҚАЛДЫҚТАР ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ

Bereke Bank материалдарды пайдалану тиімділігін арттыру арқылы қалдықтардың түзілуін азайтуға және оларды қайта пайдалану мен қайта өңдеу жолымен қалдықтарды ұтымды басқаруды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Банк қызметіне негізінен төмендегі қауіпті емес қалдық түрлері тән: пайдаланылған қағаз, кеңсе тауарлары, есептен шығарылған оргтехника, пластикалық карталар, пластик немесе гофрленген қаптама, пайдаланылған картридждер, аккумуляторлар мен люминесцентті шамдар, кеңсе жиһазы, маркетингтік өнімдер. Есептеулер көрсеткендей, банк үшін 1-қамту (Score 1) бойынша парниктік газдар шығарындылары ең төмен деңгейде.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

2024 жылы Банктің қызметі нәтижесінде қауіптілік деңгейі 5-сыныптағы 2917 тонна тұрмыстық қатты қалдық және қауіптілік деңгейі 2-сыныптағы 1,817 тонна қалдық түзілді, оның ішінде: 516 кг люминесцентті шамдар, 1,301 тонна аккумуляторлар.

Төмен қауіпті қалдықтар қайта өңдеуші компаниялар арқылы кәдеге жаратылды, оның ішінде:

- Банктің 5 тонна жиһазы мен мүлкі;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін жоюға жататын кеңсе мұрағаттарынан алынған 8 тонна макулатура.
- 2023-2024 жылдары ребрендинг шеңберінде Sber логотипі бар 15 тоннадан астам брендтелген және маркетингтік өнім кәдеге жаратылды. 2024 жылы үздіксіз қоректендіру көздерінен алынған аккумуляторлық батареялардың 1,301 тоннасы кәдеге жаратуға тапсырылды.

ТҮЗІЛГЕН ҚАЛДЫҚТАР ТҮРЛЕРІ, ҚАУІПТІЛІК СЫНЫБЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘСІЛДЕРІ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕ

Қалдықтардың қауіптілік сыныбы	Өлшем бірлігі	Қалдықтардың түзілу көлемі		Көмуге жіберілген қалдықтар көлемі		Қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға тапсырылған қалдықтар көлемі	
		2023	2024	2023	2024	2023	2024
Қауіпті қалдықтар (1, 2, 3-сынып қауіптілігі)	тонна	3,0	1,8	-	-	2,9	1,8
1-сынып қауіптілігі	тонна	0,4	0,5	-	-	0,4	0,5
2-сынып қауіптілігі	тонна	2,5	1,3	-	-	2,5	1,3
3-сынып қауіптілігі	тонна	-	-	-	-	-	-
Қауіпті емес қалдықтар (4, 5-сынып қауіптілігі)	тонна	4776	2930	4751	2917	25	13
4-сынып қауіптілігі	тонна	15	5	-	-	15	5
5-сынып қауіптілігі	тонна	4761	2925	4751	2917	10	8




КЕҢСЕНІ ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУ

ҚАҒАЗ ТҰТЫНУДЫ ҚЫСҚАРТУ


Құжат айналымы процестерін оңтайландыру, сондай-ақ Банктің өнімдері мен сервистерін онлайн форматқа көшіру қағаз тұтынуды қысқартуға айтарлықтай оң әсерін тигізуде. Қазіргі уақытта Банктегі ішкі құжаттардың 75%-дан астамы электрондық форматта жүргізіледі. Сонымен қатар клиенттік құжаттама да оңтайландырылуда: заңнама талаптарына

сәйкес міндетті түрде қағаз нысанды талап етпейтін құжаттар клиенттер тарапынан мобильді қосымша мен онлайн-банкинг порталында электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылады. Бұл, негізінен, кредиттік және депозиттік өнімдерге, сондай-ақ карталарды рәсімдеуге қатысты.

А4 ФОРМАТЫНДАҒЫ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚАҒАЗ КӨЛЕМІНІҢ ДИНАМИКАСЫ, жинау



ҚАЙТА ӨҢДЕУГЕ ТАПСЫРЫЛҒАН МАКУЛАТУРА КӨЛЕМІНІҢ ДИНАМИКАСЫ, тонна



ПЛАСТИКАЛЫҚ КАРТАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Экологиялық күн тәртібі аясында Bereke Bank пластикалық карталарды шығаруды кезең-кезеңімен қысқартып, цифрлық шешімдерге көшуге жәрдемдесуде. Банк тұрақты әрі ыңғайлы балама ретінде digital-карталарды белсенді түрде енгізу арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктемені

азайтып, клиенттер үшін сервистердің қолжетімділігін арттыруда. 2024 жылы Банк шығарған карталар саны (виртуалды тәсілмен ашылғандарын есепке алмағанда) 97 239 дананы құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 8,3%-ға төмен.

ТӨЛЕМДІК ПЛАСТИКАЛЫҚ КАРТАЛАРДЫ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ (виртуалды карталарды есепке алмағанда)

Өлшем бірлігі	2022	2023	2024
дана	554 397	106 000	97 239
тонна	2,7	0,5	0,5

Банк кеңсе техникасымен жауапты түрде жұмыс істеу жөніндегі бастамаларды іске асыруды жалғастыруда. Осы шаралар шеңберінде пайдаланылған картридждер жүйелі түрде қайта өңдеуге

жіберіледі, бұл қоршаған ортаға түсетін жүктемені төмендетуге және техногендік қалдықтардың көлемін қысқартуға мүмкіндік береді.

КЕҢСЕ ТЕХНИКАСЫНЫҢ ҚАЙТА ӨҢДЕУГЕ ТАПСЫРЫЛҒАН КӨЛЕМІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

Өлшем бірлігі	Атауы	2023	2024
дана	картридждер	4791	3118
дана	кеңсе техникасы	382	809

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ

Энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар Банктің барлық кеңселерінде, серверлік үй-жайларында және бөлімшелерінде, оның ішінде меншікті және жалға алынған нысандарда іске асырылуда.

2024 жылы Bereke Bank электр энергиясын тұтынуды азайтуға бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асырды:

- люминесцентті жарық шамдарын жарықдиодты шамдарға кезең-кезеңімен ауыстыру толық аяқталды;

- электрондық аппаратурасы бар энергия үнемдейтін жарық шамдары орнатылды;
- жұмыс істемейтін аймақтарда фотореле мен қозғалыс датчиктері бар автоматты жарықтандыру жүйелері енгізілді;
- энергия тиімділігі А және А+ сыныптарынан төмен емес техника пайдаланылуда;
- жабдықтарды сатып алу кезінде энергия үнемдеу талаптары ескеріледі.

ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ ДИНАМИКАСЫ, ГДж

Энергия түрі/ жанармай	2023	2024
Электр қуаты (алынған)	53 172	47 290
Жылу қуаты (алынған)	1587	1482
Дизель отыны	289	609
Бензин	1553	1245
Жалпы энергия тұтыну	56 602	50 628

ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ КОЭФФИЦИЕНТІ, ГДж/м²

Көрсеткіш	2023	2024
Ұйым үшін энергия сыйымдылығының коэффициенті (жылжымайтын мүлік алаңына)	0,58	0,62

СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ

Банк су ресурстарын ұтымды пайдалануға ұмтыла отырып, тұтынуды төмендетуге бағытталған технологияларды енгізуде және қызметкерлер арасында суға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруда.

Банктің барлық нысандары мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін орталықтандырылған және орталықтандырылмаған көздерден алынатын таза ауыз сумен 100% қамтамасыз етілген. Су сапасы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтер тарапынан тұрақты түрде бақылауда ұсталады.

Банк табиғи су көздерінен су алуды жүзеге асырмайды, ауыз суды сақтауға арналған резервуарларды пайдаланбайды және ағынды суларды табиғи су объектілеріне ағызбайды. Ағынды суларды ағызу экологиялық нормаларға сәйкес муниципалдық желілер арқылы жүзеге асырылады. Су құбыры жүйесі жарамды күйде, су ағуына жол берілмейді. Санитариялық аймақтарда сенсорлық крандар мен қосарлы ағызу жүйелері орнатылған.

ЖЫЛДАР БОЙЫНША ПАЙДАЛАНЫЛҒАН СУ КӨЛЕМІ, м³

Су алу	2023	2024
Жеке ғимараттарда	24 519	29 026
Жалданған ғимараттарда	22 544	21 818
Барлығы	47 063	50 844

2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда су тұтыну көлемінің артуы ауа райының ыстық болуымен байланысты. Бұл ретте жылытуға байланысты тұтыну көлемінің

төмендеуі, салқын су тұтынудың артуы және соған сәйкес ағынды сулар көлемінің ұлғаюы байқалады.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Банктің әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясаты еңбек жағдайларын жақсартуға, лайықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, персоналдың кәсіби өсуін қолдауға, тең мүмкіндіктер принциптерін енгізуге, сондай-ақ әлеуметтік қорғау және қайырымдылық бағдарламаларын жүзеге асыруға бағытталған.

Банкте адам капиталын басқаруға кешенді тәсіл жүзеге асырылады, оған қауіпсіз және ыңғайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, мотивациялық жүйені дамыту, қызметкерлерді оқыту және мансаптық өсу кіреді. Басымдық — стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, кәсіби, белсенді және адал команданы қалыптастыру.

Әлеуметтік жауапкершілік кадрлық саясатты, оқытуды, корпоративтік құндылықтарды, еңбек қауіпсіздігін, адам құқықтарын сақтау және дискриминацияға қарсы күресті қамтитын кең ауқымды бағыттарды қамтиды. Еңбек қатынастарының барлық аспектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес реттеледі. Қызметкерлердің құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз етумен қатар, қоғам өмірінің сапасын жақсартуға, әлеуметтік осал топтарды қолдауға және қайырымдылық жобаларын дамытуға бағытталған бастамалар жүзеге асырылады.

Әлеуметтік жауапкершілікке қатысты тәсіл ашықтық, әділдік және қызметкерлер мен қоғам үшін ұзақ мерзімді құндылық принциптеріне негізделген.

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

Bereke Bank-тің корпоративтік мәдениеті қызметкерлерді ортақ құндылықтар мен мақсаттар төңірегінде біріктіріп, сенім, белсенділік және жауапкершілікті қалыптастырады. Ол өзара әрекеттесу мен шешім қабылдаудың біртұтас тәсілін қамтамасыз етіп, Банктің өзгерістерге тиімді жауап беруіне және нәтижелерге қол жеткізуіне көмектеседі.

2024 жылы корпоративтік басқаруды трансформациялау шеңберінде холақратия енгізілді — өздігінен басқарылатын командалар моделі, ол автономияны күшейтіп, шешім қабылдауды жеделдетті.

SAFe (Scaled Agile Framework) әдістемесін интеграциялау және Agile Release Trains (ARTs) іске қосу стратегиялық мақсаттарды операциялық қызметпен синхрондауға мүмкіндік беріп, әзірлеу сапасы мен жылдамдығын арттырды, сондай-ақ коммуникациялар тиімділігін жоғарылатты.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Bereke Bank адамдарды, олардың дамуы мен бастамашылдығын жоғары бағалайтын орта қалыптастырады. Әрбір қызметкерге кәсіби және жеке өсуге, әлеуетін толық

іске асыруға, сондай-ақ жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік беріледі.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӨСУІ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУЫНА АРНАЛҒАН МҮМКІНДІКТЕР:

- **Оқыту және дамыту**
Кәсіби және тұлғалық дамуға арналған кең мүмкіндіктер: қашықтан оқыту курстары, офлайн тренингтер, дағдылар мектептері, митаптар, Көшбасшылық академиясына қатысу.
- **Talent Management**
Мансаптық өсуді қолдау, басқарушылық әлеуетті дамыту, департаменттер бойынша корпоративтік мәдениетті диагностикалау, кадрлар тұрақтамауын басқару.
- **Әділдік пен меритократия қағидаттары**
Нәтижелер мен құзыреттерге негізделген бағалау, мансаптық өсу үшін тең мүмкіндіктер, жұмыс пен жеке өмір теңгерімін құрметтеу.
- **Әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер**
Ерікті медициналық сақтандыру, фитнес қызметтері, балаларға арналған сыйлықтар, материалдық көмек (баланың дүниеге келуі, ауру, қайғылы жағдайлар), басқа өңірге көшкен кезде бейімделу пакеті.
- **Корпоративтік әл-ауқат**
Салауатты өмір салтын қолдау, спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, жыл сайынғы корпоративтік мерекелер өткізу.
- **Еңбекақы және ынталандыру**
Бәсекеге қабілетті еңбекақы, нәтижелер бойынша бонустар, сыйақылар, зейнетақы бағдарламалары, төлемдерді қайтару/кейінге қалдыру жүйесі.

ЕҢБЕК ПЕН ЕҢБЕК ҚАТЫНАСЫ

Bereke Bank еңбек қатынастарын өзара құрмет, сенім және ашық диалог қағидаттары негізінде қалыптастырады. Адамдарға қамқорлық жасау Банктің орнықты дамуының әлеуметтік құрамдас бөлігінің маңызды бағыты болып табылады. Әрбір қызметкер өзін бағалы әрі қорғалған сезінетін қауіпсіз, қолайлы және әділ еңбек ортасы қалыптастырылады.

Банк еңбекақы төлеудің ашық жүйесін және әлеуметтік кепілдіктердің кең пакетін қамтамасыз етеді, оның ішінде медициналық сақтандыру, төленетін еңбек демалыстары, материалдық көмек пен сыйақылар көзделген. Еңбек ету үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға және тұрақты жұмыспен қамтуды сақтауға ерекше көңіл бөлінеді.

Bereke Bank жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерімді қолдайды, қызметкерлердің жеке жағдайларын құрметтейді және олардың әлеуетін іске асыруына жәрдемдеседі. Мансаптық өсу формальды белгілерге емес, қол жеткізілген нәтижелерге, бастамашылдыққа және даму ұмтылысына негізделеді. Тең мүмкіндіктер, қызметкерлердің белсенділігі мен әлауқаты корпоративтік мәдениеттің негізі болып табылады, соның арқасында ортақ мақсаттарға қол жеткізуге дайын, мықты әрі ұйымшыл команда қалыптасады.

Персоналмен жұмыс істеудегі құндылықтар мен қағидаттар:

- Еңбек заңнамасын және адам құқықтары саласындағы халықаралық нормаларды сақтау;
- Кемсітушілікке жол бермеу және барлық қызметкерлер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- Жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерімді сақтау;
- Әрбір қызметкерге ашықтық, диалог және құрмет көрсету;
- Күнделікті жұмыста адалдықты, ашықтықты және әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету.

ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН РЕТТЕУ

Банкте жеке еңбек дауларын қарау үшін Келісу комиссиясы жұмыс істейді. Комиссия қызметкерлер мен жұмыс беруші арасындағы мәселелерді ашық әрі әділ түрде реттеуді қамтамасыз етеді.

2024 жылы Комиссияға өтініштер түскен жоқ.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІН ЗЕРТТЕУ

Bereke Bank қызметкерлер өздерін естілген әрі Банктің дамуына белсенді түрде тартылған сезінетін жұмыс ортасын қалыптастыруға ұмтылады.


Қызметкерлер мен басшылық арасындағы тікелей кері байланысты қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі — Happy Service жобасы болды. Тұрақты сауалнамалар, сұхбаттар және кездесулер арқылы қызметкерлер өз идеяларымен, ұсыныстарымен және процестерге қатысты бағаларымен ашық түрде бөлісе алады. Алынған деректер басшылыққа өтініштерге жедел ден қоюға, еңбек жағдайларын жақсартуға, ұжым ішіндегі сенім мен ашықтық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

2024 жылы қызметкерлердің қатысу деңгейі тұрақты деңгейде сақталды, сонымен қатар кері байланысқа қатысушылардың үлесі артты, бұл қызметкерлердің сенімінің нығайғанын және оң өзгерістердің бір бөлігі болуға дайын екендігін көрсетеді.

Қызметкерлердің белсенді пікірлері нәтижесінде бірқатар маңызды өзгерістер іске асырылды, оның ішінде қызметкерлердің бір бөлігін неғұрлым қолайлы кеңсеге көшіру, орталық кеңседе кофе-аппараттар орнату, Бас атқарушы директордың қатысуымен тікелей эфирлер өткізу және басқа да бастамалар бар.


ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

НАҚТЫ САНЫ



- Қызметкерлердің негізгі бөлігі орталық кеңседе (2 150 адам), сондай-ақ Алматы, Астана, Қарағанды және Шымкент қалаларындағы филиалдарда шоғырланған.
- 2024 жылдың қорытындысы бойынша қызметкерлердің тұрақсыздығы 26,4%-ды құрады. 2024 жылы бос жұмыс орындарының жартысынан көбін (51%) ішкі үміткерлер жапты.
- Ұлттық кадрлық әлеуетті дамыту шеңберінде жергілікті мамандардың үлесі 96,5%-ды құрайды, бұл ретте, басшылар арасында локализация деңгейі 80-82% деңгейінде тұрақты ұсталып тұр. Мамандар арасында бұл көрсеткіш соңғы үш жылда 97-98%-ға жоғары болып отыр.

ЖАС ДИАПАЗОНЫ



- Еңбекақы төлеу қорына (ЕТҚ) жұмсалатын шығыстар оң динамиканы көрсетеді: 2024 жылы олар өткен жылмен салыстырғанда 24%-ға өсті, бұл персонал санының ұлғаюына да, еңбекақы төлеу жүйелерін қайта қарау жөніндегі бастамаларды іске асыруға да байланысты.
- 2024 жылы персоналдың жалпы санында денсаулық ерекшеліктері бар (1, 2, 3-топтағы мүгедектікпен) штаттық қызметкерлердің үлесі 0,82%-ды құрады.

ТЕҢ МАНСАПТЫҚ МҮМКІНДІКТЕР

Bereke Bank қызметі Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылады және ұлттық заңнама талаптарына қатаң түрде сәйкес реттеледі. Банк адам құқықтарының әмбебаптығын мойындайды және халықаралық құжаттарда бекітілген негізгі қағидаттарды, оның ішінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын және Халықаралық еңбек ұйымының конвенцияларын қолдайды.

Bereke Bank ұжымының мәдени және ұлттық әртүрлілігін жоғары бағалай отырып, әрбір қызметкердің құқықтары, дәстүрлері мен ерекшеліктері құрметтелетін инклюзивті жұмыс ортасын қалыптастырады.

- Bereke Bank ұжымы көпұлтты құрамымен ерекшеленеді: Банкте оннан астам этностық топтың өкілдері еңбек етеді, бұл ретте қызметкерлердің негізгі үлесін қазақтар (71,9%) мен орыстар (17,3%) құрайды.
- Bereke Bank гендерлік теңдікті қамтамасыз етіп, басқарудың барлық деңгейлерінде әйелдердің мансаптық өсуіне жағдай жасайды. 2024 жылы әйелдердің үлесі Банктің жалпы қызметкерлер санының 60,5%-ды құрады, ал басшылық лауазымдардағы үлесі 48,6% болды.
- Bereke Bank-те денсаулық мүмкіндіктері әртүрлі қызметкерлер жұмыс істейді. 2024 жылы ерекше қажеттіліктері бар штаттық қызметкерлердің үлесі персоналдың жалпы санынан 0,8%-ды құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда сәл жоғары.
- Bereke Bank жас мамандарды қолдай отырып, кәсіби қызметін бастау мен дамытуға мүмкіндік жасайды. Банктің штатында 30 жасқа дейінгі 1 000-нан астам қызметкер бар, ал қызметкерлердің ең жоғары үлесі 31-40 жас аралығына тиесілі, бұл командадағы тәжірибе мен әлеуеттің теңгерімді үйлесімін көрсетеді.

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Банк тұрақты және қауіпсіз жұмыс ортасын, өмірде қиындықтар туындағанда қолдауды және кәсіби даму мүмкіндіктеріне тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз ете отырып, қызметкерлерді әлеуметтік қорғау бойынша кешенді шараларды іске асырады.

Әлеуметтік саясат қызметкерлер мен олардың отбасыларының әл-ауқатына бағытталған.

Әлеуметтік қорғау бағдарламалары шеңберінде:

- Ерікті медициналық сақтандыру (EMC) - амбулаториялық және стационарлық емдеу, стоматологиялық қызметтер, денсаулықтың алдын алу және вакцинация бағдарламаларын қамтиды.
- Денсаулықты қолдау бағдарламалары - тұрақты медициналық тексерулерді ұйымдастыру, сақтандыру бағдарламасы шеңберінде фитнес-орталықтарда қаражатты өтеу.

БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ДЕМАЛЫС

Есептік 2024 жыл	Әйел.	Ер.
Ана/әке демалысын алған қызметкерлердің жалпы саны	438	0
Ана/әке демалысынан оралған қызметкерлердің жалпы саны	74	0

ЕҢБЕК АҚЫ ЖӘНЕ МОТИВАЦИЯ

«Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) лайықты еңбекақы мен мансаптық өсудің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ете отырып, әділдік пен меритократия қағидаттарын ұстанады. Банк қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру жүйесі - білікті мамандарды тартуға, ұстап қалуға және дамытуға бағытталған көп деңгейлі модель. Сыйақыға деген көзқарас ашықтық, әділеттілік және бәсекеге қабілетті нарықтық стандарттарға сәйкестік қағидаттарына негізделген.

Қызметкерлерді дамыту қызметтің нәтижелері мен негізгі құзыреттердің даму деңгейін қамтитын жеке тиімділікті бағалау негізінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін арттыру мақсатында Банк корпоративтік жеңілдіктер мен артықшылықтар жүйесін дәйекті түрде дамытады. Әлеуметтік пакет барлық қызметкерлерге, соның ішінде уақытша жұмыспен қамтылғандар мен толық уақыт жұмыс істемейтіндерге беріледі.

Оның құрамына мыналар кіреді:

- Ерікті медициналық сақтандыру және фитнес бағдарламасы
- Материалдық көмек (бала туғанда, жақындарынан айырылғанда және т.б. төлемдерді қоса алғанда)
- Қызметкерлердің балаларына Жаңа жылдық сыйлықтар;
- Ауыстырылған қызметкерлерге арналған бейімдеу пакеті (көшуге, тұрғын үйді жалға алуға төлемдер, визалық және көші-қонды қолдау)

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Bereke Bank кадрлық саясатының негізі стратегиялық міндеттерді жоғары кәсіби деңгейде шешуге қабілетті персоналдың кәсіби және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты Банк қызметкерлердің кәсіби және тұлғалық өсуіне ерекше көңіл бөліп, кәсіби, көшбасшылық және басқарушылық құзыреттерді дамытуға арналған кең мүмкіндіктер ұсынады, оның ішінде Bereke Bank Оқу орталығының базасында және сыртқы вендорларды тарта отырып іске асырылады.

2024 жылы оқытудан өткен қызметкерлердің жалпы саны 22 013 адамды құрады (бірегей емес есеп, кадрлар ауысымын ескере отырып). Оның ішінде:

- Ішкі оқыту (онлайн/офлайн) – 2 054 қызметкер, оның ішінде: 5 ішкі дағдылар мектебі – 193 қызметкер, Talk Fest аясында 3 іс-шара – 236 қызметкер, 14 митап – 1 434 қызметкер.
- Қашықтан оқыту – 18 591 қызметкер, оның ішінде ерлер – 6 815, әйелдер – 11 776.
- Сыртқы оқыту – 1 368 қызметкер, оның ішінде ерлер – 750, әйелдер – 618.
- Қашықтан тестілеу – 26 432 қызметкер, оның ішінде ерлер – 9 330, әйелдер – 17 102.

- 34 қашықтан оқыту курсы мен тренажер әзірленді, білімді тексеруге арналған 51 тест қалыптастырылды.

Bereke Bank оқыту бағдарламалары тұлғалық және басқарушылық құзыреттерді, техникалық және цифрлық дағдыларды, сондай-ақ кәсіби сараптаманы дамытуға бағытталған.

- 2024 жылы инвестициялық өнімдерді сату дағдыларын дамытуға, клиенттік тәжірибені жақсартуға және өнімдік аналитикаға ерекше назар аударылды.
- Банк Agile және SAFe әдістемелері бойынша тренингтер өткізді, бұл процестерді жеделдетуге және командалық жұмысты нығайтуға ықпал етті.
- Басқарушылық құзыреттерді дамыту және кадрлық резервті даярлау мақсатында Көшбасшылық академиясы іске қосылды.
- Клиентке бағдарлануды арттыру және тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған контакт-орталық қызметкерлеріне арналған бағдарламалар мен English Club жобасы жүзеге асырылды.

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Банк қызметкерлердің денсаулығы мен әл-ауқатына ерекше мән береді, сондықтан қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және салауатты өмір салтын қолдау негізгі басымдықтардың бірі болып табылады.

2024 жылы өндірістік жарақаттанудың бірде-бір жағдайы тіркелген жоқ.

Банкте ерікті медициналық сақтандыру жүйесі қолданылады, оның аясында 2023-2024 жылдар аралығында қызметкерлердің жалпы санының 88,4%-ы сақтандырылды. Аталған жүйе төмендегі мүмкіндіктерді қамтиды:

- амбулаториялық-емханалық көмек;
- шұғыл көрсеткіштер бойынша стационарлық емдеу;
- белгіленген лимиттер шегінде медициналық көрсеткіштер бойынша стационарлық емдеу;
- маусымдық ЖРВИ-ге қарсы вакцинация;
- жедел жәрдем бригадасын шақыру және дәрігерді үйге шақыру;

- профилактикалық медициналық тексерулер;
- санатына байланысты стоматология, дәрілік заттар және фитнес қызметтеріне арналған лимиттер.

Банк қызметкерлердің өз денсаулығын нығайтуға және салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған бастамаларын қолдайды, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері үшін спорттық іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастырады.

2024 жылғы негізгі іс-шаралардың қатарында Банктің командаларының төмендегі шараларға қатысуы атап өтіледі:

- «Алматы марафоны» және экиден эстафетасы
- ішкі корпоративтік «Bereke Cup – 2024» турнирін ұйымдастыру
- өңірлерде және қаржы ұйымдарының қызметкерлері арасында өткен футбол турнирлері

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Қауіпсіз еңбек жағдайларын және қызметкерлердің денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету - Банктің негізгі басымдықтарының бірі. Қауіпсіздіктің кешенді жүйесі кәсіби тәуекелдерді барынша азайтуға, қолайлы жұмыс ортасын құруға және еңбекті қорғау мәселелеріне саналы көзқарас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Осының шеңберінде еңбек қызметі процесінде тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шаралар, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша тұрақты оқыту мен нұсқамалар, сондай-ақ қызметкерлерді дәрі қобдишалары мен газқағарлар сияқты қажетті қорғау құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Банкте еңбекті қорғауды басқарудың көп деңгейлі жүйесі бар, оның ішінде:

- Заңнамалық талаптарға сәйкестігі;
- Кәсіби тәуекелдердің алдын алу және азайту;
- Нұсқаулықтарды әзірлеу және енгізу;
- Қауіпсіздік нормаларының сақталуын бақылау.

Тәуекелдерді бағалау мен қауіптерді сәйкестендіруді ескере отырып, Банкте тәуекел деңгейі жоғары кәсіптер мен жұмыс түрлері үшін еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар әзірленіп, бекітілді. Олардың қатарына электр инженерлері, компьютерлік және терминалдық техниканы жөндеу мамандары, жүргізушілер, қойма менеджерлері және қызметі жоғары қауіптілікпен байланысты басқа қызметкерлер кіреді. Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар - заңнамаға сәйкес қауіпті жұмыстарды орындайтын қызметкерлер үшін негізгі құжаттар.

2024 жылы 23 адам сырттай оқудан өтті, ал ОК 426 қызметкері мен филиалдардың 187 қызметкері кіріспе нұсқамадан өтті.

Өткен 2024 жылы өндірістік жарақаттанудың бірде-бір жағдайы тіркелген жоқ.

(ОК және филиалдар):

Уақытша еңбекке жарамдылықтан айырылумен байланысты жарақаттану жиілігінің коэффициенті (LTIFR)

Жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті (LTAFR)

Банкте, оның ішінде тәуелсіз мердігерлер арасында орын алған өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар саны

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Банкте өрттің алдын алуға, тәуекелдерді азайтуға және қызметкерлер мен мүлікті қорғауға бағытталған шаралар кешені іске асырылды.

Банк заманауи өрттен қорғау жүйелерімен жабдықталған, соның ішінде:

- Қызметкерлерді уақтылы анықтау және ескерту үшін автоматты өрт дабылы және өрт туралы ескерту жүйесі.
- Өртке жедел әрекет етуге арналған автоматты өрт сөндіру жүйесі.
- Эвакуация қауіпсіздігін арттыратын автоматты түтін шығару жүйесі.
- Алғашқы өрт сөндіру құралдары, олардың ішінде: өрт су құбыры жүйесі, қрандары, оқпандары мен жеңдері бар өрт шкафтары, өрт сөндіргіштер (ОП-5, ОУ-5, ОУ-8).

Қызметкерлерді оқытуға ерекше назар аударылады:

- 2024 жылға арналған өрт қауіпсіздігі жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.
- Басшылар мен жауапты қызметкерлер өрт-техникалық минимум бойынша оқудан өтеді.
- Барлық қызметкерлер үшін әр 6 ай сайын өртке қарсы нұсқама (кіріспе, бастапқы, қайталама, жоспардан тыс, мақсатты) өткізіледі.
- Өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша нұсқаулықтар әзірленді және жаңартылды.

Практикалық дайындық аясында:

- Өртке қарсы оқу-жаттығулар мен эвакуациялық жоспарлардың сынақтары үнемі өткізіліп тұрады.
- Өрт сатылары, шатыр қоршаулары және электр сымдарының оқшауламасы тексеріледі.
- Ағаш конструкцияларды отқа төзімді өңдеу және ғимараттардың өртке қарсы жағдайын бағалау жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдармен және ТЖ қызметтерімен бірлесіп төтенше жағдайлардағы іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығулар (сейсмикалық жаттығулар, терроризмге қарсы оқу-жаттығулар, эвакуациялау маршруттарын пысықтау) жүргізіледі.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Bereke Bank қаржылық сауаттылықты арттыруға, әлеуметтік әл-ауқатты нығайтуға және орнықты дамуға бағытталған бастамаларды қолдайды. Банк өзінің миссиясы мен құндылықтарына сәйкес келетін жобаларды жүзеге асыра отырып, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

Банк корпоративтік этика, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын қатаң сақтайды. Жарғыға сәйкес, Банк институционалдық бейтараптық қағидатын ұстана отырып, негізгі қызметіне қатысы жоқ саяси, діни және өзге де қызмет түрлеріне қатыспайды әрі оларды қаржыландырмайды. Қызметкерлер мұндай қызметтерге тек жеке тұлға ретінде қатыса алады және Банктің атынан өкілдік етуге құқылы емес. Банктің тәуелсіздігі мен іскерлік беделін сақтау мақсатында Банктің атауын саяси күштерді қолдауға, қайырымдылық жарналарға немесе сыйлықтарға пайдалануға тыйым салынады.

Bereke Bank әлеуметтік жауапкершілікті орнықты дамудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыра отырып, ұйым ішінде және одан тыс қолдаушы қауымдастық қалыптастырады. Банктің әлеуметтік бастамалары корпоративтік мәдениетті нығайтуға, қызметкерлерді қолдауға және қоғамның әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік қолдаудың негізгі нысандары:

- Материалдық көмек – өмірлік қиын жағдайларда атаулы қолдау көрсету;
- Қайырымдылық – емделуге қаражат жинауға және мұқтаж жандарға көмек көрсетуге қатысу;
- Волонтерлік қызмет – қызметкерлердің әлеуметтік жобаларға қатысуы;
- Мерекелік іс-шаралар – ұжымның бірлігін нығайтуға бағытталған корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыру;
- Отбасыларды қолдау – қызметкерлердің балаларына арналған іс-шаралар өткізу және отбасылық құндылықтарды нығайту.



ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Демеушілік және қайырымдылық қызметі - «Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі. Қайырымдылық жобаларын іске асыру және демеушілік көмек көрсету арқылы Банк өзінің құндылықтарын, ашықтық пен ынтымақтастық қағидаттарына берілгендігін көрсетеді.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

Балаларға және халықтың әлеуметтік осал топтарына қамқорлық жасау

- Банк қызметкерлері су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету үшін «Қазақстан халқына» қорына қаражат аударды.
- Шеберлік сыныптары мен конкурстарды қоса алғанда, балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.
- Қарағанды филиалында «Қайырымдылық жәрмеңкесі» өткізілді, жиналған қаражат балаларды емдеуге аударылды.
- «Мектепке жол» акциясы аясында Алматы мен Астанадағы филиалдар 57 баланы мектеп құралдарымен қамтамасыз етіп, көмек көрсетті.
- Ақмола облысындағы «Балаларды қолдау орталығына» және «Үміт» дағдарыс орталығына қолдау көрсетілді.
- Орталық кеңседе «Донор күніне» арналған қан тапсыру акциясы ұйымдастырылды.

- Қостанайда қайырымдылық шахмат турнирі өтті.
- Петропавлдағы филиал «Архангельск интернат үйіне» балаларға арналған қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды.
- Банк бөлімшелерінде мұқтаж жандарға арналған киім мен аксессуарларды жинауға арналған қайырымдылық бокстары орнатылған.
- Талдықорған филиалы «Қамқор» балалар үйіне тұрақты қолдау көрсетеді.

Ардагерлер мен қарттарға қамқорлық

- Банк Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне тұрақты негізде материалдық көмек көрсетеді.
- Барлық өңірлерде Банк өкілдері 9 мамыр қарсаңында қарамағындағы ардагерлерді құттықтап, материалдық көмек көрсетеді.

Білім беруді қолдау

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында Банк қызметкерлері аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға мектепке керекті керек-жарақтарымен қамтамасыз етіп көмектесті.

«Барлығына бір импульс» жобасы

Банкте Қазақстан аумағы бойынша әлеуметтік және экологиялық жобаларды іске асыруға бағытталған «Барлығына бір импульс» еріктілер қозғалысы бар. Наурыз қарсаңында қызметкерлер «Котопес» жануарларға арналған баспанасына қолдау көрсетіп, дәрі-дәрмек, жем, көрпе мен ойыншықтарды тапсырды. Көкшетаудан келген әріптестер «Құтқару мүмкіндігі» баспанасына көмек көрсетті.



АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Bereke Bank қаржылық сауаттылықты дамытуын өзінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің маңызды элементі ретінде қарастырады. Қаржылық хабардарлық деңгейін арттыру азаматтардың жеке тәуекелдерін төмендетуге, жауапты қаржылық мінез-құлықты қалыптастыруға және тұтастай алғанда қаржы жүйесінің тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді. Банк халықтың қаржылық сауатты әрекеті орнықты әл-ауқаттың және өмір сүру сапасын арттырудың негізі екеніне сенімді.

Жоба шеңберінде Bereke Bank:

- қатысушыларға сараптамалық қолдау көрсетіп, кеңес берді;
- қаржылық жоспарлау, қарыздарды басқару және несиелік өнімдерді пайдалану бойынша оқу материалдарын әзірледі;
- кредиттік жүктемені төмендету және үй шаруашылықтарының қаржылық тұрақтылығын арттыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

ЖОО-МЕН ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТЫ НЫҒАЙТУ

Банк білім беру ұйымдарымен өзара ынтымақтастықты дамытып, еліміздің жетекші жоғары оқу орындарымен – De Montfort University Kazakhstan, Нархоз, UIB, ҚазХҚ және ӘТУ, СДУ, ҚБТУ, Тұран университеттерімен серіктестікті жалғастыруда, сондай-ақ көшпелі бос

жұмыс орындары жәрмеңкелеріне қатысады.

Сонымен қатар студенттер үшін Оқу орталығының базасында кәсіби даярлық бойынша дәрістер және тар бейінді бағыттар бойынша семинарлар ұйымдастырылады.





ҚОСЫМШАЛАР

ГЛОССАРИЙ

AI	Artificial Intelligence — жасанды интеллект
АҚ	Акционерлік қоғам
CO ₂	Көміртек газы
ОК	Орталық кеңсе
БҰҰ ТДН (SDGs)	Біріккен Ұлттар ұйымының Тұрақты даму нысандары (Sustainable Development Goals)
ЕБ	Еншілес банкі
EMC	Ерікті медициналық сақтандыру
ESG	Environmental, Social and Governance — тұрақты дамудың экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару факторлары
GRI	Global Reporting Initiative — Тұрақты даму саласындағы халықаралық есеп беру бастамасы
АТ	Information Technology — ақпараттық технологиялар
IPCC	Intergovernmental Panel on Climate Change — Климаттың өзгеруі мәселелері бойынша үкіметаралық сарапшылар тобы
KASE	Қазақстан қаржы биржасы
KPI	Key Performance Indicators — негізгі тиімділік көрсеткіштері
LTIFR	Lost Time Injury Frequency Rate — уақытша еңбекке жарамдылықтан айырылумен байланысты жарақаттану жиілігінің коэффициенті
LTAFR	Lost Time Accident Frequency Rate — жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті
ҚР АШМ	Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық министрлігі
КЕҰ	Коммерциялық емес (үкіметтік емес) ұйымдар
БҰҰ / UN	Біріккен Ұлттар ұйымы (United Nations)
ПГ	Парниктік газдар
ҚР	Қазақстан Республикасы
SASB	Sustainability Accounting Standards Board — Тұрақты даму стандарттарының Кеңесі
ҚҚ	Қатты қалдықтар
UX	User Experience — қолданушы тәжірибесі
ІҚҚ	Ішкі құқықтық құжаттар
«Даму» КДҚ	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры
ТЖ	Төтенше жағдай
ЭЦҚ	Электронды цифрлық қол

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ЕСЕПТІЛІКТІҢ АШЫҚТЫҒЫ

2024 жылғы Банктің іскерлік көрсеткіштері туралы толық ақпаратты «Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ) 2024 жылғы Жылдық есеп құжатынан алуға болады.

ДЕРЕКТЕМЕЛЕР

ИНВЕСТИТОРЛАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Рогалис Екатерина Константиновна

Стратегия және тұрақты даму
басқармасының басшысы

Yekaterina.Rogalis@berekebank.kz

Құсбекова Балнұр Ғабитқызы

Баспасөз хатшысы

Balnur.Kusbekova@berekebank.kz

«BEREKE BANK» АҚ LESHA BANK LLC (PUBLIC)) ЕБ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

БСН	930740000137
БСК	BRKEKZKA
Коды	914
Коршот (ЖСК)	KZ82125KZT1001300306
КҰЖЖ коды	28109833
ҚР ҰБ монетарлық операцияларын есепке алу басқару	NBRKKZKX
Reuters	SBKZ
КБЕ	14
ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік	60001 №0037440 20.08.2012 ж., бастап
Ағылшын тіліндегі атауы	Bereke Bank Joint Stock Company (Subsidiary Bank of Lesha Bank LLC (Public))
Қысқартылған	Bereke Bank JSC (SB of Lesha Bank LLC (Public))

GRI ЖӘНЕ SASB СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІК

Слайдтың №	Бөлім / Слайдтың мазмұны	GRI стандарты және ашып көрсету тақырыбы	SASB (коммерциялық банктер үшін)
	Басқарма Төрағасының жолдауы	GRI 2-22 – Жоғары басшылықтың тұрақты дамуға бейілділігі туралы мәлімдемесі	SASB: Management of the Legal & Regulatory Environment – нормативтік және ESG-мәселелерді басқару тәсілдерін ашып көрсету
3	Есеп туралы / Дайындаудың негізгі тәсілдері	GRI 2-3 – Есепті кезең, шегаралар және байланыс ақпараты	SASB: Business Ethics – ашықтықты, әдіснаманы және стандарттарға сәйкестікті ашып көрсету
	Мүдделі тараптар топтары үшін тақырыптардың маңыздылығы	GRI 2-29 – Мүдделі тараптарды тарту GRI 3-1 / 3-2 – Елеулі тақырыптарды айқындау және басымдық беру	SASB: Employee Engagement, Diversity & Inclusion / Customer Privacy / Systemic Risk Management (мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл контекстінде)
5	Банк туралы / Bereke Bank-тің қысқаша тарихы	GRI 2-1 – Ұйым туралы деректер (атауы, орналасқан жері, қызмет түрі) GRI 2-9 – Басқару және меншік құрылымы	SASB: Business Model Resilience – өзгерістер және меншік ауысуы жағдайында бизнес-модельдің орнықтылығы
6	Bereke Bank миссиясы / Клиенттер алдындағы міндеттемелер	GRI 2-22 – Ұйымның стратегиясы мен құндылықтары туралы мәлімдеме GRI 3-3 – Елеулі тақырыптар бойынша басқару тәсілі (қызмет көрсету сапасы, клиентке бағдарлану)	SASB: Customer Privacy – клиенттермен өзара іс-қимылды және қызметтердің ашықтығын басқару
7	2024 жылғы бизнес-модель / Тұрақты жобалар	GRI 2-6 – Ұйымның операциялары мен құрылымы GRI 3-3 – Елеулі тақырыптар бойынша басқару тәсілі (бизнес-модель, инновациялар, цифрландыру) GRI 203-1 – Инфрақұрылымға инвестициялар және қоғамдастықтарды қолдау GRI 413-1 – Жергілікті қоғамдастықтардың дамуына қатысу	SASB: Business Model Resilience – санкциялық және нарықтық қысымға бейімделу; SASB: Commercial & Industrial Lending – өнеркәсіптік және ШОБ жобаларын қолдау; SASB: Community Development – білім беру және әлеуметтік бастамаларға қатысу
8	2024 жылдың негізгі қорытындылары (E – S – G)	GRI 2-22 – Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме GRI 201-1 – Тікелей экономикалық әсер GRI 203-1 – Инфрақұрылымға инвестициялар және қоғамдастықтарды қолдау	SASB: Employee Engagement, Diversity & Inclusion – тарту бағдарламалары және әлеуметтік бастамалар SASB: Energy Management – энергия тұтынуды және су пайдалануды азайту
10	Тұрақты даму саласындағы саясат	GRI 2-23 – Тұрақты даму, адам құқықтары, этика және сәйкестік мәселелері бойынша саясаттар	SASB: Business Ethics – корпоративтік мәдениет, нормаларды және этикалық қағидаттарды сақтау
11	ESG-факторларын бизнес-модель мен стратегияға интеграциялау	GRI 2-23 – Тұрақты даму және этика саласындағы саясаттар GRI 3-3 – Елеулі тақырыптар бойынша басқару тәсілі (ESG-интеграция)	SASB: Systemic Risk Management – ESG-тәуекелдерді басқару мен стратегияға интеграциялау SASB: Business Model Resilience – ESG-факторларға стратегияны бейімдеу SASB: Transparency & Reporting – қаржылық емес ақпаратты ашып көрсету
12	Тұрақты даму бойынша басқару жүйесі және шешім қабылдау тетіктері	GRI 2-9 – Корпоративтік басқару құрылымы GRI 2-12 / 2-13 – Тұрақты дамуда жоғары басқару органдары мен басшылықтың рөлі GRI 2-14 – Тұрақты даму бойынша өкілеттіктерді үйлестіру	SASB: Business Ethics – есептілік және ашық басқару жүйесі SASB: Systemic Risk Management – ESG-тәуекелдерді шешім қабылдау процесіне интеграциялау SASB: Human Capital Management – ESG бойынша бөлімшелердің тартылуы
13-14	Банктің БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (SDGs) қол жеткізуге қосқан үлесі	GRI 2-23 – Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік саласындағы саясаттар мен қағидаттар GRI 201-1 – Тікелей экономикалық әсер (өңірлерді дамытуға үлес, шағын бизнесті қолдау) GRI 203-1 – Инфрақұрылымға инвестициялар және қоғамдастықтарды қолдау GRI 404-2 – Оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламалары GRI 405-1 – Қызметкерлердің гендерлік және жас ерекшелігі бойынша әртүрлілігі GRI 413-1 – Жергілікті қоғамдастықтардың дамуына қатысу	SASB: Community Development – әлеуметтік және білім беру бастамаларын қолдау SASB: Employee Engagement, Diversity & Inclusion – тең мүмкіндіктер және инклюзивтілік SASB: Commercial & Industrial Lending – тұрақты жобалар мен ШОБ-ты қаржыландыру SASB: Energy Management – жаңартылатын энергетика саласындағы жобаларды қаржыландыру

Слайдтың №	Бөлім / Слайдтың мазмұны	GRI стандарты және ашып көрсету тақырыбы	SASB (коммерциялық банктер үшін)
15	Мүдделі тараптардың қатысуы	GRI 2-29 – Мүдделі тараптарды тарту тәсілдері	SASB: Customer Privacy & Transparency – клиенттермен коммуникация және кері байланыс SASB: Business Ethics / Systemic Risk Management – реттеуші органдармен, контрагенттермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл
16	Елеулі тақырыптар тізбесі / Елеулілік матрицасы	GRI 3-1 – Елеулі тақырыптарды айқындау процесі GRI 3-2 – Елеулі тақырыптар тізбесі және олардың басымдылығы	SASB: Transparency & Reporting – негізгі тақырыптарды және олардың бизнеске ықпалын ашып көрсету
17	Тұрақты даму саласындағы Банктің пайымы мен стратегиясы	GRI 2-22 – Стратегия және тұрақты дамуға бейілділік туралы мәлімдеме GRI 3-3 – Елеулі тақырыптар бойынша басқару тәсілі	SASB: Systemic Risk Management – ESG-факторлар мен тәуекелдерді стратегия мен процестерге интеграциялау SASB: Business Model Resilience – ESG-факторларға қатысты бизнес-модельдің стратегиялық орнықтылығы SASB: Employee Engagement & Training – ESG бойынша құзыреттерді және корпоративтік мәдениетті дамыту SASB: Commercial & Industrial Lending – жауапты қаржыландыру және жасыл портфельді бағалау
19	Корпоративтік басқару жүйесі / Корпоративтік басқару кодексі	GRI 2-12 / 2-13 – Тұрақты дамуда жоғары басқару органдары мен атқарушы органдардың рөлі GRI 2-23 – Этика, ашықтық және корпоративтік басқару мәселелері бойынша саясаттар	SASB: Business Ethics – тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік этика SASB: Systemic Risk Management – Директорлар кеңесі тарапынан қадағалау және корпоративтік басқару аудиті
20	Корпоративтік басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы	GRI 2-9 – Корпоративтік басқару құрылымы	SASB: Business Ethics – құрылымның және өкілеттіктерді бөлуінің ашықтығы SASB: Systemic Risk Management – тәуелсіз бақылау функцияларының (аудит, комплаенс, тәуекел-менеджмент) болуы
21	Жалғыз акционер / Дивидендтер туралы ақпарат / Директорлар кеңесі мен Банктің Басқарма мүшелерінің сыйақысы	GRI 2-1 – Ұйым туралы деректер және меншік құрылымы GRI 2-9 – Корпоративтік басқару құрылымы GRI 2-19 – Басшылықтың сыйақысы	SASB: Business Ethics – корпоративтік басқарудың және акционерлермен қатынастардың ашықтығы SASB: Compensation Policies & Practices – сыйақы саясатын және оның тұрақты нәтижелермен байланысын ашып көрсету
22-23	Директорлар кеңесі / Кеңес мүшелерінің өмірбаяндары	GRI 2-9 – Корпоративтік басқару құрылымы GRI 2-10 – Жоғары басқару органын тағайындау және құрамы GRI 2-11 – Жоғары басқару органының төрағасы	SASB: Business Ethics – корпоративтік басқарудың ашықтығы және есептілігі
24	Директорлар кеңесі — құрамы, отырыстары, қаралған мәселелер және қызметін бағалау	GRI 2-10 – Жоғары басқару органын тағайындау және құрамы GRI 2-12 / 2-13 – Жоғары басқару органының қадағалау және стратегиялық басқарудағы рөлі GRI 2-18 – Жоғары басқару органының қызметін бағалау	SASB: Business Ethics – корпоративтік басқарудың ашықтығы және басшылықтың сыйақысы SASB: Systemic Risk Management – Директорлар кеңесінің стратегияны, тәуекелдерді және сапаны бақылауды қадағалауы SASB: Transparency & Reporting – отырыстар және негізгі шешімдер туралы ақпаратты ашып көрсету
25	ДК мүшелерінің функционалдық өкілеттіктері мен міндеттері / Тәуекелдерді басқару	GRI 2-12 / 2-13 – Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілер бойынша қадағалауда жоғары басқару органының рөлі	SASB: Systemic Risk Management – Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалауы SASB: Business Ethics – іскерлік этика стандарттарының сақталуын бақылау SASB: Operational Risk Management – ішкі бақылау, аудит және қаржылық емес тәуекелдерді мониторингтеу

Слайдтың №	Бөлім / Слайдтың мазмұны	GRI стандарты және ашып көрсету тақырыбы	SASB (коммерциялық банктер үшін)
3	Басқарма Төрағасының жолдауы	GRI 2-22 – Жоғары басшылықтың тұрақты дамуға бейілділігі туралы мәлімдемесі	SASB: Management of the Legal & Regulatory Environment – нормативтік және ESG мәселелерін басқару тәсілдерін ашу
	Есеп туралы / Дайындаудың негізгі тәсілдері	GRI 2-3 – Есепті кезең, шегаралар және байланыс ақпараты	SASB: Business Ethics – ашықтықты, әдіснаманы және стандарттарға сәйкестікті ашу
26	Директорлар кеңесіне номинациялау процестері / Кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі	GRI 2-10 – Жоғары басқару органын тағайындау және құрамы	SASB: Business Ethics – Директорлар кеңесі мүшелерінің ашықтығы және тәуелсіздігі
27-28	Директорлар кеңесінің комитеттері	GRI 2-9 – Корпоративтік басқару құрылымы GRI 2-12 / 2-13 – Жоғары басқару органының қадағалау және стратегиялық басқарудағы рөлі	SASB: Business Ethics – корпоративтік құрылым, есептілік, ашықтық SASB: Systemic Risk Management – тәуекелдерді басқару жүйесін және ішкі бақылауды қадағалау
29	Басқарма	GRI 2-9 – Корпоративтік басқару құрылымы GRI 2-10 – Жоғары басқару органын тағайындау және құрамы	SASB: Business Ethics – жоғары басшылықтың тәуелсіздігі және ашықтығы
30	«Bereke Bank» АҚ Басқармасы (құрылымы және өкілеттіктері)	GRI 2-12 / 2-13 – Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар бойынша қадағалауда жоғары басқару органының рөлі GRI 2-23 – Іскерлік этика саясаты мен стандарттары	SASB: Business Ethics – есептілік құрылымы, тәуелсіздік, шешімдердің ашықтығы
31	Банк басқармасында қаралған мәселелер	GRI 2-12 / 2-13 – Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді қадағалаудағы жоғары басқару органының рөлі GRI 2-14 – Ұйымның әсерін басқару үшін басшылықтың жауапкершілігі	SASB: Business Ethics – басқарушылық есеп беру және шешімдердің ашықтығы SASB: Systemic Risk Management – тәуекелдерді стратегиялық басқару және ішкі бақылауды қадағалау SASB: Human Capital – қызметкерлер мен халықты тарту және қолдау
32	Корпоративтік этика / Ішкі бақылау және аудит	GRI 2-23 – Этика және сәйкестік саясаты мен тәсілдері GRI 102-16 – Құндылықтар, принциптер, стандарттар және мінез-құлық нормалары	SASB: Business Ethics – сыбайлас жемқорлыққа қарсы практикалар, есептілік және ашықтық; SASB: Systemic Risk Management – ішкі бақылау жүйесі, аудиттің тәуелсіздігі, тәуекелдерді бақылау
33	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және мүдделер қақтығысын басқару	GRI 205-1 – Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау GRI 205-2 – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселелері бойынша коммуникация және оқыту	SASB: Business Ethics – сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, тәуелсіздік, мүдделер қақтығысының алдын алу тетіктері және қызметкерлерді оқыту
34	Комплаенс-тәуекелді басқару саясаты және құқықтық және нормативтік базаны басқару	GRI 2-23 / 2-24 – Этика және сәйкестік: саясат, принциптер және процедуралар GRI 2-27 – Заңдар мен нормативтік талаптарға сәйкестігі GRI 205-1 / 205-2 – Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту	SASB: Business Ethics – құқықтық және реттеуші тәуекелдер, комплаенс-рәсімдер, бұзушылықтар мен айыппұлдарды ашу SASB: Systemic Risk Management – тәуекелдер мониторингінің ішкі тетіктері және нормативтерге сәйкестігі
35	Антифрод жүйесі (алаяқтыққа қарсы)	GRI 418-1 – Тұтынушы деректерін қорғау және құпиялылық	SASB: Data Security – клиенттің деректерін қорғау және алаяқтық оқиғалардың алдын алу SASB: Systemic Risk Management – деректерді жоғалту және алаяқтықпен байланысты операциялық тәуекелдердің алдын алу
36	Кері байланыс желісі және ақпаратты ашу принциптері	GRI 2-25 – Бұзушылықтар туралы хабарлау және оларға ден қою рәсімдері GRI 2-26 – Этикалық емес мінез-құлық туралы кеңестер мен хабарламалар алу тетіктері GRI 2-28 – Ашықтық пен ақпаратты ашу тәсілі	SASB: Business Ethics – кері байланыс және бұзушылықтардың алдын алу тетіктері, ақпарат берушілерді қорғау, маңызды ақпаратты ашу SASB: Transparency & Disclosure – корпоративтік және қаржылық ақпаратты жария ету саясаты

Слайдтың №	Бөлім / Слайдтың мазмұны	GRI стандарты және ашып көрсету тақырыбы	SASB (коммерциялық банктер үшін)
37	Тәуекелдерді басқару жүйесі және ESG тәуекелдері	GRI 2-12 / 2-13 – Директорлар кеңесі мен жоғары басшылықтың әсерді басқару жауапкершілігі GRI 2-23 / 2-27 – Тәуекелдерді басқару және заңнаманы сақтау саясаты мен практикасы	SASB: Risk Management – несиелік, нарықтық, операциялық және ESG тәуекелдерін қоса алғанда, тәуекелдерді басқару құрылымы мен процестері SASB: Systemic Risk Management – тәуекелдерді бақылау архитектурасы және реттеушілермен өзара әрекеттесу
38	Салық мәселелерін басқару және контрагенттермен және жеткізушілермен қарым-қатынас	GRI 207-1 – 207-4 – Салық стратегиясы, салық тәуекелдерін басқару, салық органдарымен өзара іс-қимыл, елдер бойынша салық төлеу GRI 2-6 / 2-23 – Бизнесі жауапты жүргізудің ұйымдастырушылық құрылымы мен саясаты GRI 204-1 – Жергілікті жеткізушілерге арналған шығыстардың үлесі	SASB: Business Ethics – салық салудың ашықтығы және заңнаманы сақтау SASB: Supply Chain Management – жеткізушілерге қатысты саясат және оларды әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігін бағалау SASB: Fair Lending & Business Conduct – адал іскерлік қатынастар және кемсітушілікке жатпайтын тәжірибелер
40	Қоршаған ортаға әсерді басқару / көміртегі ізі	GRI 302-1 / 302-4 – Энергияны тұтыну және энергия тиімділігі бастамалары GRI 303-1 / 303-5 – Суды пайдалану және суды үнемдеу GRI 305-1 / 305-2 / 305-5 – ПГ 1-ауқым және 2-ауқым шығарындылары, шығарындыларды азайту GRI 306-3 / 306-4 – Қалдықтарды өңдеу және кәдеге жарату GRI 307-1 – Экологиялық заңнаманы сақтау	SASB: Greenhouse Gas Emissions – ПГ шығарындылары, 1-2-ауқымдары, есептеу және азайту әдістері SASB: Energy Management – кеңселердегі энергия тиімділігі және энергияны тұтыну SASB: Waste & Pollution Management – қалдықтарды басқару және апаттық шығарындылардың алдын алу
41	Қалдықтарды өндіру және оларды кәдеге жарату	GRI 306-1 / 306-2 / 306-3 / 306-4 / 306-5 – Қалдықтарды басқару: білім беру, қалдықтарды өңдеу, қайта өңдеу және кәдеге жарату	SASB: Waste Management – қалдықтарды өңдеу, ластануды болдырмау және қайта өңделген материалдарды пайдалану тәсілдері SASB: Environmental Footprint of Operations – операциялардың қоршаған ортаға әсерін бақылау (ҚТҚ-мен, кеңсе қалдықтарымен, батареялармен және кеңсе техникасымен жұмыс істеуді қоса алғанда)
42	Кеңсе ортасын жасылдандыру	GRI 302-1 / 302-4 – Цифрландыру және paperless-шешімдер арқылы энергияны тұтыну және тиімділікті арттыру GRI 306-3 / 306-4 – Қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу (қағаз, ұйымдастыру техникасы, пластик)	SASB: Environmental Footprint of Operations – кеңсе процестерін оңтайландыру арқылы әсерді азайту SASB: Waste Management – ұйымдастыру техникасын, макулатураны, пластикалық карталарды кәдеге жарату SASB: Data Security & Digital Transformation – операцияларды цифрландыру және төмендету физикалық құжат айналымы
43	Энергия тиімділігі және энергияны үнемдеу / Су ресурстарын басқару	GRI 302-1 / 302-3 / 302-4 – Энергия тұтыну, энергия қарқындылығы, энергия тұтынуды азайту жөніндегі шаралар GRI 303-1 / 303-3 / 303-5 – Суды басқару, суды алу және пайдалану, тұтынуды азайту шаралары	SASB: Energy Management – кеңселерде және IT инфрақұрылымында энергияны пайдалану және оңтайландыру SASB: Water Management – су қабылдауды бақылау, су ресурстарын тұтыну және сапасы
45	Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік мәдениет және қызметкерлерді қолдау	GRI 2-7 / 2-30 – Қызметкерлермен өзара әрекеттесу GRI 401-1 / 401-2 / 401-3 – Жалдау практикасы, жеңілдіктер, жұмысшылар мен отбасыларға арналған бағдарламалар GRI 404-1 / 404-2 – Оқыту, дамыту және біліктілікті арттыру GRI 405-1 / 405-2 – Әртүрлілік, тең мүмкіндіктер және жалақыдағы әділеттілік	SASB: Human Capital Management – персоналды, бағдарламаларды дамыту және ұстау оқыту және әл-ауқат SASB: Employee Inclusion & Engagement – инклюзия мәдениеті, қатысу, тең мүмкіндіктер SASB: Compensation & Benefits – сыйақы және әлеуметтік кепілдіктер

Слайдтың №	Бөлім / Слайдтың мазмұны	GRI стандарты және ашып көрсету тақырыбы	SASB (коммерциялық банктер үшін)
46	Еңбек және еңбек қатынастары / Қызметкерлердің қатысуын арттыру	GRI 2-7 / 2-30 – Қызметкерлермен өзара іс-қимыл практикасы және қызметкерлердің басқаруға қатысуы GRI 401-1 / 401-2 / 401-3 – Еңбек қатынастары практикасы, жеңілдіктер, жұмыс пен өмір арасындағы тепе-теңдік GRI 403-6 – Қызметкерлердің денсаулығы мен әл-ауқатын арттыру GRI 404-1 / 404-2 – Персоналды дамыту және тарту GRI 405-1 – Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу GRI 406-1 – Бірлестіктер бостандығы және еңбек дауларын шешу	SASB: Human Capital Management – қызметкерлерді тарту және ұстау SASB: Employee Engagement, Diversity & Inclusion – қатысу, тарту, сенім және мүмкіндіктер теңдігі SASB: Labor Practices – ашықтық және еңбек мәселелерін шешу
47	Персонал құрылымы бойынша негізгі көрсеткіштер / Тең мансаптық мүмкіндіктер	GRI 2-7 / 2-8 – Персонал құрамы және кадрлардың ауысуы GRI 405-1 / 405-2 – Әртүрлілік, тең мүмкіндіктер және гендерлік тепе-теңдік GRI 406-1 – Кемсітушілікке жол бермеу	SASB: Human Capital Management – персоналдың құрылымы, кадрларды ұстап қалу және дамыту SASB: Employee Diversity & Inclusion – гендерлік және этникалық әртүрлілік мүмкіндіктер
48	Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау / Еңбекақы төлеу және ынталандыру	GRI 401-2 / 401-3 – Әлеуметтік жеңілдіктер, бала күтімі бойынша демалыс GRI 403-6 – Денсаулық және сауықтыру бағдарламалары	SASB: Employee Compensation & Benefits – сыйақы, жеңілдіктер, медициналық сақтандыру, әл-ауқат бағдарламалары
49	Қызметкерлерді оқыту және дамыту / Қызметкерлердің денсаулығы	GRI 404-1 / 404-2 – Қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламалары GRI 401-2 – Қызметкерлерге берілетін әлеуметтік жеңілдіктер GRI 403-6 / 403-7 – Денсаулықты насихаттау және жарақаттанудың алдын алу	SASB: Human Capital Development – қызметкерлерді оқыту, дамыту және ұстау SASB: Employee Health & Safety – денсаулық және қауіпсіздік бағдарламалары SASB: Employee Engagement – қатысу және әл-ауқат бастамалары
50	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік / Өрт қауіпсіздігі	GRI 403-1 / 403-2 – Еңбекті қорғауды басқару жүйесі, қауіптерді анықтау және тәуекелдерді бағалау GRI 403-5 – Қызметкерлерді еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту GRI 403-7 / 403-9 – Жарақаттанудың алдын алу және азайту, жазатайым оқиғалардың көрсеткіштері	SASB: Employee Health & Safety – оқиғалардың алдын алу бағдарламалары, қызметкерлерді оқыту, тәуекелдерді азайту шаралары
51	Әлеуметтік жауапкершілік	GRI 413-1 / 413-2 – Қауымдастықтардың қатысуы және олардың дамуына қосқан үлесі GRI 201-1 – Жергілікті қауымдастықтарға тікелей экономикалық үлес (жәрдем беру, қайырымдылық)	SASB: Community Development & Access – қаржылық сауаттылық бастамалары, қайырымдылық, осал топтарды қолдау SASB: Social Capital Management – қоғаммен және серіктестермен қарым-қатынас
52	Демеушілік және қайырымдылық	GRI 201-1 / 203-1 – Тікелей экономикалық үлес және қоғамдастықтың дамуына инвестициялар GRI 413-1 / 413-2 – Ұйымдардың жергілікті қоғамдастықтардың өміріне қатысуы және оларға әсерді бағалау GRI 413-1-с – Халықтың осал топтарына арналған әлеуметтік бағдарламалар	SASB: Community Development & Access – қаржылық білім беру бағдарламалары, қайырымдылық, халықтың осал топтарын қолдау SASB: Social Capital Management – қоғаммен корпоративтік өзара іс-қимыл және әлеуметтік бастамалар
53	Білім беру қызметі және жоғары оқу орындарымен қарым-қатынасты дамыту	GRI 413-1 – Жергілікті қауымдастықтардың өміріне қатысу және әсерді бағалау	SASB: Financial Inclusion & Capacity Building – қаржылық сауаттылықты арттыру білім беру институттарымен әріптестікті дамыту



2024